

ӘЙЕЛ ДАНАЛЫҒЫ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Халқымыз: «Отан – отбасыдан басталады» деген. Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі – отбасы. Ал отбасы мен қоғамның тұрағы – әйел. Баланың иманды, ер-жігіттің ұстамды болуына әйелдің әсері өте көп. Ертең елді басқаратын, халықты жақсылыққа бастап, имандылыққа ұйытатын тұлғалардың өмірге келуіне әйелдер үлкен себепкер болады.

Қазақ халқында: «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөз бар. Мұның астарында әйел адамның кез келген ауқымды істерге араласа алатынын, үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндігі мол екенін аңғартатын мағына жатыр. Өйткені, қоғамның, тіпті әлемнің дамуы мен оның түрлі салаларындағы жетістіктерде әйелдердің мол үлесі бар екені ақиқат.

Қазақ қазақ болып орда құрып, ту көтерген шағында Керей мен

Жәнібек ханға Жәнібек ханның анасы батасын беріп, атадан қалған асыл мұраларын, байлығын табыс етіп ұлдарын артынан қолдап отырған. Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары Гауһар анамыз қазақ пен қалмақ арасындағы шайқаста ерліктерімен елдің есінде қалған. Гауһар анамыз қан майданда жары Қабанбай батырмен бірге жан алысып жан берісіп, ешқандай ауыртпашылықтан қаймықпай, табандылық таныта білген. Кейіннен өзінің

тұңғышы болған қызы Назым да елдің есінде ерлік істерімен қалған деседі. Бұл да болса ана тәрбиесінің балаға әсерінің дәлелі болмақ.

Абай – қазақ халқы үшін шоқтығы биік ірі тұлғалардың бірі. Абайдың Абай болуы оның әкесінің Құнанбай болуымен қатар, әжесі Зереге де тікелей қатысты. Абай кішкентай күнінен әжесінің тәрбиесінде болған. Зере әжеміздің бесік жырын, ертегісін, әнін, жырын естіп өседі. Кезінде Зере анамыз Құнанбай бабамызды емізер кезде дәретпен емізетін болған. Бұл да үлкен тектіліктің белгісі. Зере анамыз ақылды, парасатты, жан баласын ренжітпейтін тақуа болған екен.

Қазақ жұртына аты әйгілі болған аналарымыздың бірі – Домалақ ана. Оның шын есімі Нұрила Әлиманқызы. Бәйдібек бидің үшінші әйелі болған. Анамыз кішкентайынан бабасы Мақтым ағзамның тәрбиесінде болған. Мақтым ағзамның түсінде Нұрила аян болып «Әулие әйел» деп атаған және оның білегін алғаш кім ұстаса, сол болашақтағы тағдырын біріктіретін күйеуі болады деп нышан-белгі берген екен. Бұл туралы бабасы Нұрилаға 8 жасында ескерткен көрінеді. Кейіннен 10 жас кезінде су алуға барған кезінде абайсыз құдыққа түсіп кетіп, оны Бәйдібек би Нұриланьың білегін ұстап сыртқа шығарған. Осылайша Нұрила анамыз 19 жасында Бәйдібек биге тұрмысқа шығады.

Домалақ ананың қызы Қызайым анамыз да білгір, ибалы болып бой жетеді. Қызайым 17 жасында Найманның Төлегетай атты баласынан тараған Құтболаттың екінші ұлы Шағыр батырға ұзатылады. Кейін күйеуі қайтқан соң 5 жыл



аза тұтып, әмеңгерлікпен қайнысы Тоқтарға қосылған. Анамыздың төрт ұлы болған. Қызай ана жастайынан парасатты да ақылды, кемеңгер, білімді болған. Оған осы парасаттылығы анасы Нұриладан (Домалақ анадан) дарыған. Анамыз келін болғаннан бастап жиын-тойларда, өлім-жітімдерде өз парасаттылығын көрсетіп, үлкендерге ибалы болумен бірге, кішілерге ақыл тәрбиесін жүргізген. Бай-бақытты күн кешкенде асып-таспаған, ел басына күн туғанда жаугершіліктен жасымаған. Балаларын қайратты, қажырлы, болуға, бірлік пен ынтымақта өмір сүруге тәрбиелеген.

Қызай ана ақылдылығымен қатар өнерлі болған. Үйде отырғанда найман елінің бойжеткендеріне, өз қыздарына, немерелеріне кесте тігуді, ұршық иіріп, қап тоқуды, киіз басу сияқты өнерлерін үйретіп отырған. Ол кісі әрдайым «қызға қырық үйден тыйым» деген сөзді қыздарына ескертіп отырған. Осындай тәрбиенің арқасында ұлдары Итемген, Меңіс, Бегімбет, Дербіс анасына қамқор, еліне пана болып, жаумен шайқасқанда атойлап алға шығып,



Қазақ халқында: «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөз бар. Мұның астарында әйел адамның кез келген ауқымды істерге араласа алатынын, үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндігі мол екенін аңғартатын мағына жатыр.



қазақ даласын қорғауға, Қызайлардың ел болуына, өсіп-өнуіне ерен еңбек сіңірген. Сол кездегі халық Қызай ананың парасаттылығына, ақылдылығына риза болып, әкесі Бәйдібек бидің қойған «Қызайым» атына орай толық атамай тектеп «Қызай» деп жүріп немесе «Бәйдібектің қызын ай» деп атап кеткен екен.

«Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деп бекер айтпаған болар, Нұриладай текіден туған Қызай ана есімін қалың ел руына айналдырып, құрметтеп келеді. Халқымыздан шыққан аналарымыздың барлығын айта берсек, әрқайсысы өз алдына бір төбе.

Мысалы, күйші анамыз Дина, күміс көмей Күләш апамыз, Шоқан атамыздың әжесі Айғаным әжеміз, Мұхтар Әуезовтың әжесі Дінәсіл әжеміз, Ақын Сара барлығы да – ізгі аналар. Сондай-ақ халық жадында сақталып қалған Тұмар, Зарина, Бегім, Бопай, Абақ, Айғаным, Күнбике, Зере тәрізді аналардың елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі мен ерлік істері бүгінгі болашақ ұрпақ үшін өнеге.

Алла Тағала әуелі Адам атаны жаратады. Алайда жұмақтағы Адам ата қанша нығыметтерді көрсе де дара жүруден жалғызсырайды. Сөйтіп ол ұйықтап кеткен кезде Алла Тағала оның қабырғасынан Хауа ананы жаратады. Ұйқысынан оянғанда сомдалған сұлу мүсінді көріп, Адам таңырқай қалып: «Не үшін жаратылдың?» – деп сұрайды. Сонда Хауа анамыз: «Сен маған тұрақтауың үшін» деп жауап береді. Осы сөзді ғалымдар былайша тәпсірлеген екен: «Алла Тағала Адам атаға серік болып, көңілінің тыныштық табуы үшін Хауа анамызды жаратып берген».

Осыған дәлел ретінде Құранда «Рум» сүресінің 21-аятында Алла

Тағала: «Әрі сендердің тыныштық тауып, орнығуларың үшін өздеріңнен жұбайлар жаратуы және араларыңда сүйіспеншілік пен мейірім-жанашырлық пайда етуі де – Оның белгілерінен. Ақиқатында ойланып ақылға салатын адамдар үшін мұнда дәлел-ғибраттар бар» деп баяндаған.

Осы ретте мына оқиғаны айта кеткен жөн. Күндердің күнінде екі жұптың арасында жанжал шығып, күйеуі әйеліне қол жұмсап қояды. Сонда жары: «Мен барып сен үшін арызданамын» дейді. Күйеуі «Мен саған үйден шығуға рұқсат бермеймін» деп долданып, ашуланып есікті, терезелерді жауып қояды. «Енді не істейсің? Ұялы телефоның да менде» дейді. Сол сәтте әйелі әжетханаға кіріп, дәрет алып шығып күйеуіне: «Мен терезесі жоқ, ұялы телефон қажет болмайтын есігі мәңгі ашық Раббыма сен туралы шағымданамын» деп жайнамазды алып, ұзақ уақыт құлшылық етеді. Намаз оқып болғасын күйеуі келіп: «Сен расымен де мен туралы Алла Тағалаға шағымдандың ба?» дейді. Сонда әйелі: «Мен намаз бастаған уақытта-ақ ашуым тарқап кеткен.

Мен Алладан шайтанның азғыруынан сақтауды және екеуміздің арамызға түспеуді сұрадым. Бұл болған жанжалға шайтан кінәлі, сондықтан, соған шағымдандым» деген екен.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен үлгі алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды. Буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол – анамыз. Ендеше, біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болса да, ешкі сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды», – деген екен.

Ал Дінмұхамед Қонаев атамыз ел басқарып тұрған шағында бір шопанның үйіне түседі. Сонда әлгі шопан кісі: «Димеке, қырық жыл ел басқардыңыз, айтыңызшы, осы өмірде жаман әйел мен жақсы әйелдің қандай айырмашылығы болады?» – деп сұрайды. Сонда

Дінмұхамед Қонаев қысқаша ғана: «Жаман әйелдің екі қолында пышақ болады. Бірімен дастархандағы нанды турады, екіншісімен көрсетпей жаныңды турады. Жақсы әйелдің қасиеті – қолында оқтау болады, тілінде тоқтау болады», – деп жауап қайырған екен. Бауыржан Момышұлының мынадай керемет сөзі бар: «Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды».

Әйел салиқалы болса, отбасы түзеледі. Отбасы түзелсе, ел түзеледі. Ел түзелсе, қоғамда имандылық, ізгілік, қайырымдылық, жанашырлық, адамгершілік секілді құндылықтар кеңінен қанат жаяды. Имандылық салтанат құрған қоғамның берекесі, бірлігі мен ынтымағы артады. Ынтымағы жарасып, жақсылығы көбейген ел бақытты өмір сүреді. Алла Тағала баршамызға бақытты өмір нәсіп етсін. Әумин!



ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ АНАСЫ



Құран Кәрімде есімі тікелей аталмаса да, адамзат тарихында өшпес із қалдырған, «әлем әйелдерінің таңдаулылары» қатарынан орын алатын ардақты аналар бар. Солардың ішінде өзіндік айрықша орны бар, бірегей тұлға, адамзаттың соңғы пайғабары Мұхаммедтің анасы - Әмина бинт Уәһб.

Оның толық есімі – Әмина бинт Уәһб ибн Абдуманап ибн Зүһра ибн Килаб ибн Мурра әз-Зүһрия әл-Құрайшия.

Тегі мен тәрбиесі. Әмина бинт Уәһб Құрайыш тайпасының ең ардақты әулеттерінің бірі – Бәни Зүһрадан шыққан. Әкесі Уәһб ибн Абдуманап өз қауымында беделді, абыройлы тұлға болса, анасы Барра бинт Абдулұзза да асыл текті, тәрбиелі әулеттен шыққан еді. Осындай өнегелі отбасында өскен Әмина ар-намысты, мінезі көркем, әдебі кемел жан болып қалыптасты.

Құрайыш қауымы арасында ол тектілігі мен көркем әдебі үшін «Зүһрату Құрайыш» – «Құрайыштың гүлі» деген құрметті атпен танылды. Ибалылығы мен ұяты көпшілік көзінен сақтап, ерекше құрметке бөленді.

Берекелі неке, ауыр тағдыр. Абраханың Қағбаға жасаған шабуылынан бірнеше ай бұрын, Абдулмутталиб сүйікті ұлы Абдуллаға Құрайыш көсемдерінің бірі Уәһб ибн Абдуманапқа барып, қызын айттырып алады. Осылайша Құрайыш ішіндегі екі асыл әулет құда болып, Алланың қалауымен берекелі неке жүзеге асады.

Алайда бұл бақыт ұзаққа созылмады. Абдулла сауда жасау мақсатымен Шам еліне аттанып, қайтар

жолында Ясрибте (Мәдинада) ауырып, жиырма бес жасында дүниеден өтті. Оны нағашылары Бәнү Адий ибн ән-Нәжжәр Мәдина қаласында жерледі. Абдулла қайтыс болған кезде жұбайы Әмина бинт Уәһб Алла елшісіне жүкті еді. Әмина анамыз күйеуімен бірнеше ай ғана отасып, құрсағында шаранамен жесір қалды. Оның жалғыз жұбанышы – бүкіл әлемдерге рақым етіп жіберілетін Алланың соңғы Елшісі еді.

Жүктілік және босануы. Әмина анамыз жүктілік кезеңін жеңіл өткерді. Өзге аяғы ауыр әйелдер жиі сезінетін ауырсыну, жерік болу сияқты белгілерді бастан өткізбеді. Риуаяттарда айтылғандай, ол Пайғамбарға жүкті болған кезде оған: «Сен бұл үмметтің мырзасына жүкті болдың. Ол дүниеге келген сәтте: «Оны әрбір қызғаныш иесінің жамандығынан Бір Аллаға сыйынамын» деп айт, кейін оған Мұхаммед деп ат қой», – делінгені айтылады.

Әмина Мұхаммед ибн Абдулланы Әбу Тәліптің шатқалында дүниеге әкелді. Оның босануына Абдуррахман ибн Ауфтың анасы Шифа жәрдемдесті.

Әмина анамыз оның туған сәтінде өзінен бір нұр шыққанын, сол нұрдың Шам аймағындағы сарайларды жарықтандырғанын көргенін айтқан. Бұл – болашақ

пайғамбарлық нұрдың белгісі еді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Піл жылы, дүйсенбі күні, Рабиғұл-әууәл айында Мекке шаһарында дүниеге келді. Анасы Пайғамбарымызды босанған соң, бұл қуанышты хабарды атасы Әбдімүтәліпке жеткізу үшін сүйінші сұрап адам жібереді. Қуанышты хабарды естіген атасы Әбдімүтәліп немересін Қағбаға апарып, Аллаға шүкіршілік етіп, есімін «Мұхаммед» деп қойды. Бұл есім ол кезде арабтардың арасында кең тарала қоймаған, сирек кездесетін есім еді. Құрайыштықтар Әбдімүтәліптен немересінің атын кім қойдың деп сұрағанда, аспанда да, жерде де мақтаулы болсын деп, атын «Мұхаммед» қойдым деген.

Алла елшісі алғашқы жылдарын сүт анасы Халима әс-Сағдияның қолында өткізді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) анасының жанында көп уақыт болмағанымен, сол қысқа мерзімде Әмина оған ар-намыс, адалдық, сүйіспеншілік және жауапкершілік сияқты ең асыл қасиеттерді бойына сіңіре білді. Сондықтан ол уахи түспей тұрып-ақ, Алланың қорғауында, көркем тәрбие арқылы таза болып өсті. Жетімдігі мен кедейлігі оған кері әсер еткен жоқ. Керісінше, Мекке халқының бәрі оны құрметтеп, жақсы көретін.

Пайғамбарлыққа дейінгі Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінде бірде-бір масқара іс, бірде-бір арсыздық орын алмаған. Ол жәһилият дәуірінің лас істерінен бойын аулақ ұстап, жақсы қасиеттерін ғана сақтады. Сол себепті ол ел ішіндегі ең көркем мінезді, ең сабырлы, ең әділ әрі ең сенімді адамға айналды. Халық оны «Әл-Амин» – «Сенімді» деп атайтын.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алты жасқа толған шағында, анасы Әмина бинт Уәһб оны Ясрибке (қазіргі Мәдина) нағашылары Бәни Ади ибн Нажжар әулетін және сонда жерленген әкесі Абдулланың қабірін зиярат ету үшін жолға шығады. Олармен бірге қызметшісі Умму Айман да жолға шығады. Үшеуі екі түйеге мініп, Пайғамбардың әкесі Абдулла ибн Әбдімүтәліптің қабіріне жақын орналасқан Дару ән-Набиғаның үйіне түседі.

Мәдинада шамамен бір ай тұрған соң, Меккеге қайтар жолда Әмина анамыз кенеттен ауырып, Әбуа

деген жерде дүниеден өтті. Осылайша Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алты жасында анасынан айырылды.

Әминаны жерлеп болған соң, Умму Айман Пайғамбарымызды алып, Меккеге қайтты. Бұл сәт – адамзат тарихындағы ең ауыр әрі ең мұңды көріністердің бірі еді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлық келген соң анасының қабірін зиярат еткенде анасына деген сағыныш жүрегін елжіретіп, жылады. Бұл көрініс сахабалардың да жүрегін тебірентіп, олар да қосылып жылады.

Әһлі-сүннет ғалымдары Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ата-анасы құтылушы топтардан деген. Құранда: **«Біз бір пайғамбар жібермейінше ешкімді азаптамаймыз»** – делінген.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі: **«Мен әрдайым таза әкелердің белінен, пәк аналардың құрсағынан өтіп отырдым»**, – деген. Бұл сөз Әмина анасының да рухани тазалығына айқын дәлел.

Мәлики мәзһабының ғалымы Ибн Араби: «Пайғамбардың әкесін тозақта деу – Пайғамбарға тіл тигізу», – деп айтқан.

Қорыта айтқанда, Әмина бинт Уәһб – тарихтағы жай ғана ана емес. Ол – пайғамбарлық нұрды көтерген, адамзаттың соңғы пайғамбарының анасы. Ол ұлын жетімдікпен қарсы алып, өзі де ерте дүние салды. Бірақ сол жетім бала кейін күллі әлемге рақым болып жіберілді.

Әмина – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) анасы – Ислам тарихында ерекше орын алады. Ол басқа ешбір әйелге бұйырмаған, бүкіл әлемдерге рақым етіп жіберілген соңғы Пайғамбарды, дүниеге әкелу құрметіне ие болды.

Алла Тағала бізді Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның отбасына деген құрмет пен әдептен айырмасын. Әмин.

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ



ӘЙЕЛ ӘДЕБІ – КӨРКЕМ МІНЕЗДІҢ БАСТАУЫ



Ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов әдеп жөнінде: «Қыз мінезінде ыңдықтың пен әдеп бір кездессе – бірін-бірі жасырыңқырап тұрады да, ашықтық пен абайсыздық кездессе – бірін-бірі асырыңқырап тұрады», – деген еді. Расында да нәзік жандылардың өн бойында ыңдықтың пен әдеп қатар келсе, Құдайдың бергені.



Әр дәуірдің, әр заманның ардақты аналары, ару қыздары қилы кезеңдерді бастан кешсе де, әйелге тән ұлылықты биік ұстаған. Әйел әдебі – қоғамның ең маңызды құндылықтарының бірі. Ол тек бір адамның жеке мінез-құлқын сипаттайтын ұғым емес, тұтас бір әулеттің, ұрпақтың, тіпті қоғамның болашағына тікелей әсер ететін рухани негіз. Әйел – отбасының өзегі, тәрбиенің қайнар көзі, баланың өмірдегі алғашқы ұстазы. Сондықтан оның бойындағы әдеп, көркем мінез, сабыр мен парасат баланың санасына ерте сіңіп, оның болашақта қандай адам болатынын айқындайды. Әдеп бар

жерде тәрбие бар, тәрбие бар жерде ұлттың болашағы жарқын.

Өткен тарихымызға көз жіберсек, ел билеген Айғаным, қол бастаған Бопай ханымдар, ұлт анасына айналған Айбике, Зере, Ұлжан сынды әжелеріміздің орны ерекше. Олар ақыл-парасатымен, қайтпас қайсарлығымен елге үлгі бола білді.

Қандай заман болса да, әйел адам ұрпағының қамын ойлап, ұлттық рухты бойына сіңірді. Ғасырлар бойы даналықтың дара үлгісін көрсетіп, ана есімін биіктетті. Парасаттылықтың, ар-ұяттың, әдептіліктің, имандылықтың дәнегін ұрпақ бойына еге білді.

Әйелдің әдебі ең алдымен оның сөзі мен ісінен, қарым-қатынасынан, өзіне және өзгеге деген құрметінен байқалады. Әдепті әйел – артық сөзге бармайтын, сабырмен ойлап, парасатпен әрекет ететін тұлға. Оның әрбір қадамы, әрбір айтқан сөзі бала үшін тәрбие мен өнеге. Анасының әрекетін көріп өскен бала әдепсіздікке, дөрекілікке, жауапсыздыққа бармайды. Өйткені, әдепті күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Осы тұрғыдан алғанда, әйел әдебі – ұрпақ тәрбиесінің ең мықты құралы.

Әдеп ұғымы имандылықпен тығыз байланысты. Халық даналығында «Әдеп бар жерде – иман бар, әдеп жоқ жерде – иман жоқ» деп бекер айтылмаған. Әйел әдебі иманмен ұштасқанда ғана шынайы көркем мінез қалыптасады. Мұндай әйел отбасында тыныштық пен бірлікті сақтайды, қиын сәттерде сабыр танытады, жақындарына мейірім мен жана-шырлық көрсетеді. Ол отбасының рухани тірегіне айналып, берекенің сақталуына себепші болады. Иман-ды әрі әдепті әйел бар жерде ұрыс-керіс азайып, түсіністік пен сыйластық артады.

Әйел әдебі тек отбасы шеңберінде ғана шектелмейді, ол қоғамға да тікелей әсер етеді. Әдепті әйел – қоғамдағы мәдениеттің, адамгершіліктің айнасы. Оның жүріс-тұрысы, киім киісі, сөйлеу мәнері, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті қоғамдық ортада да үлгі болады. Осындай әйелдер көбейген сайын қоғамда тәртіп нығайып, рухани құндылықтар алдыңғы орынға шығады. Ондай қоғамда ұят, ар-намыс, жауапкершілік секілді асыл қасиеттер сақталады.

Әйел әдебінің тағы бір маңызды қыры ол отан-сүйгіштік пен ұлттық сананың қалыптасуына әсер етеді. Ана баласына ең алдымен туған тілін үйретеді, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты бойына сіңіреді. Өз ұлтының мәдениетін құрметтеп, оны баласына жеткізеді. Нәтижесінде ұлттық болмысын сақтайтын, елін сүйетін, тамырынан ажырамаған ұрпақ өсіп шығады. Бұл – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы үшін аса қажет негіз.

Қазіргі заманда әйел әдебінің маңызы одан әрі артып отыр. Ақпарат ағыны көп, ықпалы күшті, түрлі теріс әрекеттер тез тарайды. Осындай кезеңде әйел әдебі – баланы жат әсерлерден қорғайтын қалқан. Ана бойындағы парасат пен жауапкершілік баланың дұрыс

жолды таңдауына көмектеседі. Әдепті әйел баласына тек сөзбен емес, өз ісімен тәрбие береді. Бұл тәрбие ең әсерлі, ең берік тәрбие болып саналады.

Әдеп – еңбекке, табысқа, жетістікке де жол ашады. Әдептілік пен жауапкершілік бар жерде тәртіп орнайды да нәтижеге жету жеңіл болады. Осындай ортада өскен бала ерінбей еңбек етуге, адал жолмен жетістікке жетуге ұмтылады. Ол қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады. Сондықтан әйел әдебі – тек рухани құндылық емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпал ететін фактор.

Халық қаһарманы, қазақтың батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апамыздың көп еңбектерінде, сұхбаттарында ұлтты сүю, ұрпақты тәрбиелеу, халықтың перзенті болу жолындағы ойлар айтылады. Бауыржан атамыздың бойындағы асыл қасиеттерін насихаттай жүріп, келін, әйел, ана ретінде өз міндетін адал атқарып жүргеніне куәміз. Зейнеп апамыз бір сұхбатында: «Ата: «Балам, ұлттық құндылықтарды, ұлттың қадір-қасиетін мен саған айтам, сен балаңа айтасың. Ол өзінің баласына айтады. Сөйтіп, бір әулетте қазақтың қадір-қасиеті сақталады», – дейтін. Үстелді тарс еткізіп

ұрып: «Көзіме тура қара. Алдыңда қазулы көр тұрса да шындықты айтқын. Жақсы адамның жақсылығын айт, бірақ, жағымпазданба. Жаман адамның жамандығын бетіне бассаң да, жала жаппа. Қатарыңнан ассаң да, халықтан аспайсың, халықтың алдында басыңды иіп жүр», – дейтін. Сол өсиетпен шамам келгенше ел-жұрттың алдында басымды иіп, үйде отырып-ақ қазаққа, халыққа қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігімді тигізіп, ұлттық рухтың өзегінен жастарға нәр беріп, солар білсе екен деп жүрмін», - дейді.

Міне, біздің ұрпағымыз бүгінгі күні осындай асыл аналарымыздың өмірлік тәжірибесінен үлгі алуы тиіс. Қорытындылай келе, әйел – көркем мінездің бастауы, имандылықтың айнасы, ұрпақ тәрбиесінің өзегі. Сондықтан әдепті болсақ, отбасымыз берекелі, қоршаған ортамыз мәдениетті, болашағымыз жарқын болмақ. Әдепті әйел – үйдің шырағы, саналы ұрпақтың негізі, кемел қоғамның кепілі.

Керімбек СӘРСЕМБАЙҰЛЫ,
Жетісу облысының бас имамы



**Әйел – отбасының өзегі,
тәрбиенің қайнар көзі, баланың
өмірдегі алғашқы ұстазы.
Сондықтан оның бойындағы
әдеп, көркем мінез, сабыр мен
парасат баланың санасына ерте
сіңіп, оның болашақта
қандай адам болатынын
айқындайды..**





МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДІҢ СИПАТЫ: ИБА МЕН ИНАБАТ

Жаһандану дәуірінде құндылықтар құбылғанымен, адамзат баласы үшін айнымас темірқазық болып қала беретін асыл бейне бар. Ол – мұсылман әйелдің бейнесі. Бұл тек діни қағидалардың жиынтығы емес, бұл – парасат пен нәзіктіктің, тектілік пен тақуалықтың тоғысқан нүктесі.

Асыл дінімізде қыз баланың, әйел адамның орны ерекше. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз балалардың қадір-қасиеті жайында былай деген: **«Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар сол** (қыздарын тәрбиелеп өсіргені) **үшін тозақ отынан қалқан болады»,** – деген.

Пайғамбарлар қиссаларына үңілсек, әйел затының тарихи рөлі мен рухани биіктігін айқын көруге болады. Қазақ мұсылман әйелінің сипаты – Құран мен

сүннеттің нұрын бойына сіңірген, пайғамбарлардың асыл жарлары мен аналарынан үлгі алған, қазақ даласының «Ақылды аналар» мектебінен тәлім алған кемел тұлға. Олар Ажар (Алла оған разы болсын) анамыздай тәуекелшіл, Мәриям (Алла оған разы болсын) анамыздай пәк, Айша (Алла оған разы болсын) анамыздай зерек, Хадиша (Алла оған разы болсын) анамыздай жарына адал, Әсия (Алла оған разы болсын) анамыздай рухы мықты.

Мұсылман әйел – қоғамның ар-ожданы, адамзаттың

асыл аманаты. Оның әрбір іс-әрекетінен иманның иісі, жүзінен ұяттың нұры, сөзінен парасаттың лебі есіп тұруы тиіс. Оларға тән сипаттың бірегейі – иба мен инабат. Қазақ халқының ар-намысы болған қыз баланың бойынан осы сипаттар қалай көрінеді? Жалпы иба, инабат деген сөздердің мағынасы не? Тахауи Ахтанов: «Өңіне қарап ынжық деуге бола ма? Жоқ, жоқ, ол – шығыс әйелінің ана сүтімен бойына сіңген сыпайылығы, ибасы», – деп жазған екен.

«Иба» мен «инабат» сөздері – қазақ мәдениетіндегі әдептілік пен сыпайылықты білдіретін ұғымдар. Олардың мағыналары бір-біріне өте жақын:

Иба – үлкенді сыйлау, кішіпейілділік таныту және әдеп сақтау. Бұл – адамның өзін-өзі ұстай білуі, артық сөйлемей және өзгелерге құрмет көрсетуі. Көбіне ибалы деп әдепті, инабатты жанды айтады.

Инабат – имандылық пен сыпайылықтың жиынтығы. Ол адамның ішкі мәдениетін, биязылығын және ізеттілігін білдіреді. Инабатты адам – өнегелі, тәрбиелі және өз ортасында сыйлы жан. Қысқаша айтқанда, бұл екі сөз де ар-ұят, әдептілік пен ізеттілік деген мағынаны білдіреді.

«Ұяты бардың – иманы бар» деген осы бір ауыз сөзде қаншама сыр жатыр десеңізші?! Өзін мұсылман санайтын әр пенде өзінің жүрегіне иненің жасуындай ұяттың сәулесін құйса, тәкаппарлық, мейірімсіздік, қатігездік атаулы теріс қасиеттер жанымызға жат болар еді-ау.

«Әрбір діннің өзіне тән мінез-құлқы бар, Ислам дінінің мінезі – ұялу», – делінген хадистерде. Бұл жерде «ұят» сөзі адамның айыпты істерді істеуден бас тартуы, ондай істерге қатысты жиренішті сезімде болуы дегенді білдіреді. Сондықтан ар-ұят адамдардың кішіпейілдік сияқты асыл мінезге бойсұнып, тәкаппарлықтан бойды аулақ ұстауды да аңғартады. Демек ұятсыздық – арға кірбің түсіретін кесел іспеттес. Одан ерте жастан арылмаса, адам теріс жолға түсіп, өзінің өміріне де қылау түсіруі мүмкін.

Ал енді Құран қиссаларына назар салсақ, «Қасас» сүресінде Шұғайып (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың қыздары жайлы баян етілген аяттар бар. Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар Мысырдан шығып, Мәдиан деген қалаға келеді. Бір құдықтың жанында ағаштың көлеңкесінде демалып отырғанда, көз тастам жерде қой баққан екі қыздың құдыққа жақындай алмай тұрғанын көреді. Оларға

барып, жағдайларын сұраса, құдықтың басында әлдебір адамдар малдарын суарып, су алып жатқандықтан, екі қыз құдыққа жақындай алмай тұрғаны және әкелерінің қарт адам екені анықталады. Олар Мұсаға (оған Алланың сәлемі болсын): **«Мына адамдардың бәрі кеткенін күтіп тұрмыз, сосын біз суарамыз»,** – дейді («Қасас» сүресі, 23-аят). Сол кезде Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар қыздарға жәрдемдескісі келіп, өзінің күштілігінің арқасында олардың қойларын суарып беріп, шығарып салады. Біраз уақыттан кейін екі қыздың біреуі Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) отырған жерге келеді. Алла Тағала сол қыздың ұятын былай сипаттайды. **«Сонда екі қыздың бірі ұяла келіп: «Әкем, малымызды суарып бергенің үшін ақынды төлемекке шақырып жатыр», – деді»,** – деген. («Қасас» сүресі, 25-аят).

Бізге Алла Тағала бұл қыздың ұяла келген жүрісін сипаттап, әрі мұнда ойланған адамға үлкен ғибрат бар екенін жеткізеді. Тәпсіршілер Мұсаның (оған Алланың сәлемі болсын) қыздардың үйіне ілесіп баруы істеген жақсылығына ақы алу үшін емес, әкесі жүре алмайтын үлкен ақсақал екенін біліп, оның сөзін жерге тастамау мақсатында барғандығын жеткізеді.

Енді екеуінің қыздың үйіне қалай барғандарына тоқталсақ. Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) алдында, ал қыз артында жүріп отырады. Мұса (оған Алланың сәлемі болсын): «Егер оң жаққа бұрылу керек болса – оң жаққа, сол жаққа бұрылу керек болса – сол жаққа тас лақтыр», – дейді. Осылайша, Алладан ұялған күйде, екеуі бір-бірінің ар-намысын сақтаған бойда барған екен. Мұндай оқиғалардан біз, мұсылман әйелдерге, үлкен тәлім, үлгі алып, бойымызға ұялу сезімін сіңіруге тиіспіз.

Ұяттың үш түрі бар:

1. Адамның өз-өзінен ұялуы. Адам кейде бір нәрсе істеп қойып, өз-өзінен ұялып, ақиқаттың айнасына қарай алмай қалуы мүмкін. Кінәсін мойындай отырып, кең дүниенің ол адам үшін тарылғандығын сезінеді.

2. Маңайындағы адамдардан ұялу. Бір адам жеке қалғанда белгілі бір істі істей беруі мүмкін, бірақ адамдардың алдында оны жасай алмайды, яғни ұялады. Бір адамның алдында оған ұнамайтын нәрсені істеуден ұялу, уәдені орындамаудан ұялу, өтірік айтудан ұялу, бір затын рұқсатсыз алудан ұялу, бір адамның алдында



Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз балалардың қадір-қасиеті жайында былай деген: «Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар сол (қыздарын тәрбиелеп өсіргені) үшін тозақ отынан қалқан болады», – деген.



өзінің ұятты жерлерін ашу – бұлар да адамның адамнан ұялуына жатады. Күнәні адамдардың алдында істемеу ұялуға жатады.

3. Алла Тағаладан ұялу. Яғни адам әрқашан Алланың бақылауында екенін, Раббысының пендесін көріп тұратынын сезініп, қай кезде болмасын күнә жасап қоюдан ұялады. Міне, ұялшақтықтың мұндай түрі адамды арам нәрсе істеуден тосады. Қазақта «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сөз бар. Алладан қорықпайтын, ұялмайтын адамнан сан түрлі қылықтар күтуге болады.

«Руыңды сақтаймын десең, ұлыңды тәбиеле, еліңді сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле» дейді қазақ даналығы. Бұл сөздің астарында үлкен мағына бар. Өйткені қыз – болашақ ұрпақтың анасы. Қазіргі таңда қыздардың тәрбиесіне аса мән беруге тиіспіз. Қыз баланың абыройы мен арын, өзіне сай сымбаты мен сырын сақтау үшін, қырық үйден тыю арқылы оның бойына мұсылманға тән қасиеттерді сіңіре аламыз. Қыз баланы тәрбиелеу – бір адам емес, бәлкім, бір ұрпақты тәрбиелеу. Өйткені салихалы қыз ғана ұлт болашағын баянды ете алады.

Өз үйінен ұшып, бөтен үйдің босағасын аттап, өмірлік серігімен қол ұстасып үлкен өмірге қадам басады. Ата-анасының берген тәлім-тәрбиесімен бойындағы инабаттылық, ибалық және ұятымен қайын жұртына бақыт сыйлайды.

«Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деген. Қазақ жұртына ибалы келін атанып, сол шаңыраққа құт-береке әкелген келіндерімізге қызыға қарайтынымыз анық. Келін болып түскенде, биязылыққа қоса, ұстамдылық сезімдеріне ие бола білу, ашу-ызасын

тежеп, жасыра білу, кейістіктен даналығымен қайта білу қажет. Олай болмағанда, отбасының береkesі қашады. Күйеуіне дүрсе қоя бергіш, салғыласуға құмар, реніш үстінде сөз талғамайтын келіншек ерінің абыройына нұқсан келтіреді, көңілін қалдырады, суындырады. Не болса, соны сөз қылып, күйеуінің құлақ етін жейтін, әр нәрсеге ұрыс шығаратын, нақақтан нақақ кінә тағатын әйел күндердің күнінде ерін безіндіріп, бақытынан біржола айырылып қалуы ғажап емес.

Қазақтың ата салтында келіннің келген жеріне ізет жасауы үлкендер мен келін арасындағы қарым-қатынасқа жылу, сыйластық, инабаттылық дарытады.

Ибалы келін қашанда үлкенге де, кішіге де ілтипат көрсетіп, ашық мінезімен баурап алу арқылы сол отбасының бақ-береkesіне айналады. Жаман келін көреалмаушылық пен ызақорлықтан таяқ жеп, өз-өзін масқара етеді. Ал иманы берік келін өзінің ақ жүрегімен ортасын баурап алатын, инабатты ибалы жанға айналады.

Құрметті мұсылман әпке-сіңлілер! Жоғарыда айтқанымыздай, әрбір діннің өзіне тән мінезі бар. Ислам дінінің мінезі ұялу болса, бұл мінез – мұсылманға тән сипат. Әйел адамның ибалылығы мен инабаттылығы оның ұятының өлшемінен көрінеді. Егіннің көктеуі үшін су қандай маңызды болса, мұсылман әйелдің өмірінде ұяттың алатын орны да сондай болмақ. Алла Тағала бәрімізге шынайы ұяттың ақиқатын біліп, Алладан, періштелерден, адамдардан ұялуды нәсіп етсін. Әмин!

Динара НҰРҒАЛИЕВА,
ҚМДБ Әйел-қыздар
секторының жетекшісі



ТІРІСІНДЕ ЖӘННАТТЫҚ БОЛҒАН ТӨРТ АНА

Асыл дінімізде әйелдің орны әрдайым жоғары. Сондықтан, Ислам тарихындағы ең қадірлі, ең мәртебелі аналардың есімін қашан да құрметпен еске алып, олардың габриятты ғұмыр жолын келер ұрпаққа үлгі ретінде насихаттай бермекпіз. Осы ретте тірі кезінде жәннатпен сүйіншіленіп, Алланың шексіз мейіріміне бөленген төрт ананың өнегелі өмірі туралы айтуды жөн санадық.



Ислам – әйел затының, ананың қадірін биік қойып, нәзік жандылардың ар-намысы мен абыройын қорғаған дін. Әйел затының қоғамдағы рөлі, отбасындағы орны туралы қасиетті Құран Кәрімде және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде көп айтылған. Асыл дініміз әйел затына тек мейіріммен, махаббатпен және сыйластықпен қарауды бұйырады. Елдің болашағы, ұрпақ тәрбиесі нәзік жандылардың қолында екенін ескертіп, үлкен жауапкершілік жүктейді.

Есімдері ерекше құрметпен еске алынатын аналарға келсек, олар – Мәриям, Әсия, Хадиша және Фатима (оларға Алла разы болсын) аналарымыз.

Мәриям бинт Имран (оған Алла разы болсын) – Иса пайғамбарды өмірге әкелген асыл жан. Мәриям анамыз екі дүниеде де пәктіктің символы саналады. Яғни, өмірінде ер адаммен жақындаспағанымен Алла Тағаланың құдыретімен бойына бала бітіп, оны өмірге әкелген. Ол жастайынан Алланың үйінде тәрбиеленіп, құлшылыққа ерекше берілген жан еді. Мәриям – Құранда аты аталған жалғыз әйел. Қасиетті Құранның «Мәриям» сүресінде оның пәк, Аллаға толықтай бойұсынған жан болғаны баяндалады. Алла Тағала оны: **«Сені әлем әйелдерінен үстем етіп таңдады»** («Әли Имран» сүресі, 42-аят) деп сипаттайды.

Мәриям – Алланың сүйікті құлы, ерекше құрметке лайық жан. Оның тақуалығы бірнеше аятта нақты сипатталған: «(Ей, Мұхаммед!) **Кітаптағы Мәриямды еске ал! Сол уақытта ол отбасынан бөлініп, шығыс жақтағы орынға кеткен еді**» («Мәриям» сүресі, 16-аят).

Әсия бинт Музахим – иман мен сабырдың белгісі. Ол – мұсылман қауымының хас дұшпаны Перғауынның жары. Соған қарамастан, жүрегіне иман нұры ұялаған тақуа жан еді. Ол Мұса пайғамбарды бала кезінде асырап алып, қамқорлық жасады. Перғауын өзінің зұлымдығымен Әсия анамызды иманынан қайтаруға тырысты. Бірақ ол сабыр сақтап, иманын жоғалтпады. Қатты азап кезінде Алладан: **«Раббым! Маған жәннатта жаныңнан бір үй сал...»** («Тахрим» сүресі, 11-аят) деп дұға етті. Алла оның тілегін қабыл етті. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай деген: **«Әлемдегі әйелдердің ең абзал төртеуі: Имранның қызы Мәриям, Хуайлидтың қызы Хадиша, Мұхаммедтің қызы Фатима және Перғауынның әйелі Әсия»** (Термизи).

Тірісінде жәннаттық болған төрт әйелдің бірі – **Хадиша бинт Хуайлид**. Екі дүниедегі ең үлкен атағы – Алланың елшісі болған Мұхаммед Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алғашқы жары. Ол кісі ақылдылығымен, парасаттылығымен және даналығымен тарихта қалды. Ол Исламның ең ауыр, қысымға толы алғашқы жылдарында Пайғамбарға рухани тірек болды. Ел-жұрт теріс айналғанда, Хадиша анамыз қолдап, жаны мен малын дін жолына арнады. Алланың ризашылығы үшін бүкіл байлығын Исламның дамуына жұмсады. Оның бұл ісі – тақуалықтың үлкен белгісі. Хадиша анамыздың Ислам тарихындағы орны ерекше. Ол кісінің есімі көптеген оқиғалармен байланысты әрі ғұмыр жолы ғибратқа толы. Себебі, Хадиша бірінші болып мұсылмандықты қабылдады.

Ислам тарихында таңғажайып құбылыстардың бірі – Хира үңгірінде Пайғамбарымызға уахи келгенде алдымен жұбайы Хадиша анамызға айтқан. Сонда ол ешбір күмәнсіз сеніп: «Сізді Алла ешқашан қор етпейді» – деп жұбатты. Пайғамбарымыз хадисінде: **«Маған ешкім сенбегенде, ол сенді. Ешкім қолдамағанда, ол қолдады. Ешкім ештеңе бермегенде, ол мал-дүниесін берді»**, – деп Хадиша анамызды ерекше бағалаған.

Алла Тағала Жәбірейіл періште арқылы Пайғамбарымызға: **«Хадишаға жәннатта інжуден салынған**

үй бар, онда уайым мен қиындық болмайды», – деп сүйінші хабар жіберген (Бұхари, Мұслим).

Хадиша анамыздың асыл бейнесін, ғибратты ғұмыр жолын бүгінгі қоғамда кез-келген әйел адамға үлгі етіп көрсетуге болады. Оның тақуалығы, сабырлығы, жомарттығы, отбасы мен дінге деген шынайы жанашырлығы сынды қасиеттері «Мүмин әйел қандай болуы керек?» деген сұраққа ең әдемі жауап.

Ислам тарихында есімі ерекше аналардың бірі – Пайғамбарымыздың сүйікті қызы **Фатима (Алла оған разы болсын)**. Оның анасы – жәннатпен сүйіншіленген Хадиша бинт Хуайлид. Фатима анамыз да – тақуалығымен көпке үлгі болған Алланың сүйген құлы. Ол – асыл мінездің, тақуалықтың, қарапайым

өмірдің және шынайы құлшылықтың көркем үлгісі. Фатима бала күнінен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасында жүріп, Исламның алғашқы ауыр кезеңдерін бастан өткерді. Ол сабырлы, қанағатшыл, Алланың бұйрығына толық мойынсұнған жан болып өсті. Ислам тарихындағы атақты сахабалардың бірі Әли ибн Әбу Тәліпке тұрмысқа шықты. Ол үйде диірмен тартып, су тасып, барлық шаруаны өзі атқаратын. Қолы күстеніп қатты шаршаған соң

Пайғамбарымыздан қызметші сұрағанда Алла елшісі: **«Қызым, егер қаласаң, саған қызметші беремін. Бірақ одан да жақсысын айтайын ба? Ұйықтар алдында 33 рет «Субханаллаһ», 33 рет «Әлхамдулилләһ», 34 рет «Аллаһу әкбар» айт. Бұл – қызметшіден де артық»** – деп жауап береді. Фатима анамыз бұл насихатты қуана қабыл етті. Бұл оның Алла разылығын дүниеден жоғары қойғанын көрсетеді. Фатима анамыз үнемі ғибадатпен, түн ортасына дейін Алланы зікір ететін. Ол өмірін шүкір мен құлшылыққа арнады.

Ислам дінінде ең мәртебелі және тірі кезінде жәннат уәде етілген төрт мұсылман ананың әрқайсысының ғұмырында мол ғибрат, әр сөзінде өнегелі өсиет бар. Сондықтан, келер ұрпағымызға осы жандардың өмірбаянын үлгі ретінде айтып отырсақ және болашақта осы кісілердей тақуа, кішіпейіл, қанағатшыл, адамгершілігі мол етіп тәрбиелейтін болсақ, Алланың сүйген құлдарының қатарынан орын алатынына күмән жоқ.

Ақерке ТҰРҒЫНБАЙ,
ҚМДБ Әйел-қыздар секторының
Павлодар облысындағы жауапты маманы



ҰЛЫЛАРДЫҢ АСЫЛ ӘЖЕЛЕРІ

Әже – тәрбиенің қайнар көзі ретінде саналып, әрбір қазақ отбасында ерекше мәртебеге ие болды. Обал, сауап, ынсап, аманат секілді ұғымдардың жастай бала санасына сіңуіне әжесінің ықпалы ерекше болғаны даусыз. Осылайша әжелер немересінің білімді, мейірімді елі мен жерін сүйетін азамат болып ержетуіне, тұлға болып қалыптасуына айрықша еңбек сіңірді. Сондай ұлт мақтанышына айналған – Шоқан, Абай, Мұхтар мен Бауыржандай ұлылардың әжелеріне тоқталып өтуді жөн деп таптық.



Айғаным Сарғалдаққызы

XIX ғасырдағы қазақ әйелдерінен шыққан қоғам қайраткері Айғаным Сарғалдаққызы 1783 жылы Солтүстік Қазақстанда дүниеге келген. Атақты Абылай ханның келіні, Уәли ханның кіші ханымы, Шоқан Уәлихановтың әжесі. Айғаным – Есілдің бойын мекен еткен атақты Мәлім қажының ұлы Сарғалдақтың қызы. Айғанымның әкесі Бұхарда оқыған білімді кісі еді. Айғаным әкесінен араб, парсы, шағатай тілдерін үйреніп, шығыс ойшылдарының шығармаларын оқып өскен. Орыс, француз тілдерін де жетік меңгерген. Өте білімді, саяси сауатты болған. Бұл сөзімізге жазушы И.Стрелькованың мына бір сөзі дәлел: «Младшая жена хана Вали, умная и властная Айғаным была женщиной образованной, знала несколько восточных языков, обладала незаурядным поэтическим талантом и прозорливостью опытного политика».

Ел мен жер тағдырына алаңдаған Айғаным ханым орыс ұлықтарымен хат жазысып, халқының мүддесін қорғау жолында аянып қалмаған. Академик

Әлкей Марғұлан зерттеуіне қарағанда Айғаным жазбаларының саны жүзден асады екен. Шоқанның әжесінің тағы айтуға тұрарлық ісі – патша үкіметінің қаржысына медресе-мешіт салдыруы. Өзі салдырған мешітке Құтмұхаммед Иманқұлов деген молданы алдырып, өзінің және ауыл балаларын оқытады.

Шоқан 1835 жылы туған, азан шақырып қойған аты – Мұхаммед-Ханафия. Айғаным өзінің ертедегі ата-бабасының атын немересіне қоюы тегін емес екені түсінікті. Шоқанның 1847 жылы Омбыдағы әскери оқу орны – Сібір кадет корпусына түсіп, сана-сезімі ерте оянып, тез жетілуі – әжесінің тәлім-тәрбиесінің нәтижесі. Белгілі ғалым Әлкей Марғұлан: «Айғаным Шоқан үшін халық даналығының сарқылмас бұлағы болды», – деп баға берген.

Аяулы әжесінің өмірден өткендігі туралы Шоқан былай жазған: «1852 жылы қазан айының он тоғызы күні бейсенбіде, екінті намазының кезінде қазақтың орта жүзінің ханы марқұм Уәлидің жесірі Айғаным Сарғалдаққызы 70 жаста дүние салды. Ертеңіне жұмада жерленді. Оның тоғыз ұлы бар еді: екеуі жас кезінде, екеуі жиырмалар шамасында қайтыс болған».

Зере Бектемірқызы

Зере Бектемірқызы (азан шақырып қойған аты – Тоқбала) 1785 жылы Жарма ауданының табиғаты әсем Қалбатау бөктерінде туған. Руы – Найманның ішіндегі Матай. Атасы Бектемір өз кезінің атақты байы, еліне беделді азаматы ретінде танылған. Бектемірдің Құттықадам, Теңізбай деген ұлдары болған. Теңізбайдың қызы осы Зере апамыз. Әкесі Теңізбай өз шаруасын ғана білген орта дәулетті момын адам болса керек. Жастайынан сүйкімді, зерек болған Зере атасы Бектемірдің бауырында өскендіктен байдың қызы атанған. Сол себепті өз әкесінің аты ұмытылып, Бектемірдің қызы ретінде ел есінде қалған.

Атақты айтыс ақыны, сұңғыла шежіреші Қалихан Алтынбаевтың айтуынша, Бектемір бай: «Ұл ұрпақтарымнан үміттенбеймін. Шықса қыз ұрпағымнан шығады» деп айтады екен. Шынында да солай болды. Бектемірден өрбіген ұрпақтар ішінен Тоқбала ақылдығымен, көсемдігімен дүйім елге танылды. Шыңғыстаудағы атақты Ырғызбай би ауылына ұзатылып барғанда жас келін Тоқбала мұрнына алтын шығыршық әшекей – зере тағып жүргендіктен оны Зере атап кеткен екен. Зереден Құттымұхамед (жастай шетінеген), Құнанбай, Тайбала

туған. Өскенбайдың Зеренен басқа да әйелдері бар еді. Ел берекесін ойлаған аса зейінді, ақылды Зере ана отбасының бірлігін сақтап, күндестікке бой бермеген, өте бауырмал болған. Құнанбайдың жалғыз өспеуін ойлап, Өскенбайдың Таңшолпан деген тоқалынан туған Майбасарды, күйеуінің аталас ағайыны Ералының баласы Бөжейді, бозбала кезінде барымтада қаза болған Болсамбекті және өз қызы Тайбаладан туған Ізқұттыны бауырына салып өсірген.

Құнанбай алған бетінен қайтпайтын қатал басшы болғанымен анасының сөзін екі етпепті. Сол себепті Құнанбайға ісі түскен кісілер ең алдымен оның шешесіне жолығады екен. «Алып анадан, тұлпар биеден туады» демекші, Құнанбайдай дара тұлғаны өмірге әкелген ана – Зере әже болатын. Ақылды, мейірімді Зере әже Құнанбайға ғана емес, өзінің сүйікті немересі Абайға да үлкен әсер еткен. Абайдың ұлт ақылманы, Хәкім дана болып өсуіне Зере әжеміздің ролі ерекше болған. «Зере мен Ұлжан Абайдың емес, қазақтың анасы» деп Бауыржан Момышұлының баға беруі тегін емес.

Немерелері ішінде Абайды ерекше жақсы көріп еркелеткен, оны бала күнінен өлең-жырға шыңдап, ақынның болашағына үлкен әсер еткен. Абайдың молда алдына сабаққа барғанына ең бірінші қатты қуанған әжесі еді. Ғабитхан молдадан әріп танып, сауатын аша бастаған немерелерін қызықтаған асыл әже балаларға оңаша киіз үй тіккізіп, оның жылы болуын да қадалаған. Абайдың оқуға зеректігін байқап, оған жете көңіл бөлген Ғабитханды үйінің төріне отыратын ең сыйлы адамының дәрежесіне жеткізген де зерделі Зере әже еді.

Дінәсіл Малдыбайқызы

Дінәсіл Малдыбайқызы 1820 жылы дүниеге келіп, 1907 өмірден өткен. Мұхтар Әуезовтың әжесі, Әуездің бәйбішесі, Омарханның анасы, Ақтайлақ бидің шөбересі. Найман ішіндегі Сыбанның беделді адамдарының бірі Жарқынбайдың қарындасы – Дінәсілден Омархан дүниеге келген.

Ақылды, мейірімді, жұмсақ мінезді адам болған. Немерелері ішінен өзі өте жақсы көретін сүйкімді, кішкентай Мұхтарды еркелетіп: «Қоңыр қозым» деп атаған. 6 жасар Мұхтарды Абайдың киіз үйіне апарып, ақ батасын алғызған. Дінәсілдің сөзге шешен, кісілік қасиеті Мұхтар Әуезовтің бойына дарыған. Жазушы өзі туралы мақалаларында әжесін құрметпен еске

алып былай деген: «Әжем мен атам бізді күндіз-түні кітаптың бетінен түсірмейді. Әсіресе Абайдың өлеңдерін оқытып, мағыналарын талқылап берді. Кешкі дастарханда ол маған әр ырғақты, әр ойды түсіндіруге тырысатын».

Қызтумас әже

Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде: «Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ», деп әжесін суреттей келе берген тәрбиесі жайлы былай дейді: «Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді. – «Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп ақсайды, кодық ақырады...» Әжем маған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын...».

«Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Ал менің кәрі апам Қызтумас ертекте, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі құлағымда тұр. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып: – Балам менің қайда екен? – Қыздарменен тауда екен. – Тауда неғып жүр екен? – Алма теріп жүр екен. – Алмасынан кәнеки? – Жаңа теріп жүр екен. – Қызыл алма қолында – Қыз-бозбала соңында, – деуші еді-ау», – деп еске алады алады шығармасында.

«Әжемнің әрбір айтқан сөзі мен үшін заң еді» – дейді Бауыржан. Әжесі балаларын еркелетіп қана қоймай, өмірге дайын болуға баулиды. Батыр атамыздың «Мені ер азамат қылған – әжемнің сөзі мен тәрбиесі» деуі содан.

Қызтумас әже тек Бауыржанның әжесі ғана емес, қазақ әйелінің даналығы мен мейірімінің, ұлттық тәрбиенің белгісі ретінде сипатталған. Өмірдің талай қиыншылығын көрсе де, сабырын серік еткен, көреген, сөзге шешен адам. Ол ауылдағы үлкен-кішіге ақыл айтатын, ел ішінде беделді ана. Оның әрбір сөзі – нақыл, әрбір ісі – өнеге.

Кеулімжай ҚҰТТЫ

Назерке СҰЛТАНБЕК,
спорт журналисі, жиһанкез:

ОРАМАЛДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕ ЗИЯНЫ ТИГЕН КЕЗІ ЖОҚ



Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде «орамалды блогер» ретінде танылып жүрген ару қыздарымыз көбейіп келеді. Олардың бәрі бірдей шариғатты айтып, дін уағыздайды дей алмаймыз. Діни саланың әйел ұстаздарынан бөлек, ас пісіріп, мәзір түрін бөлісіп жүрген, инфобизнес, коуч, фудблогерлікпен айналысатын аруларымыз да бар. Ал көпшілікке спорт журналисі ретінде танылған Назерке Сұлтанбектің әлеуметтік желідегі жеке парақшасы өзінің сүйікті жұмысы спорт журналистикасымен тығыз байланысты.

Кейіпкеріміз әлемнің 32 елін аралап, 84 қалада болса да, өзін тревел блогер санамайды екен. Оның себебін өзінің сөзімен жеткізейік.

«Мен өзімді блогермін деп айта алмаймын. Өйткені менің парақшамды блогерлер секілді жүргізетін нақты контент-жоспарым жоқ. Тек өзімнің негізгі қызметіме қатысты жұмыстарды, үлкенді-кішілі жобаларды жариялап отырамын. Мәселен, ұлттық

құрама спортшыларымен әрдайым біргеміз. Желі қолданушыларына рингтен тыс сәттер қызық көрінеді. Соны жұртшылық назарына ұсынып, құраманың ішкі атмосферасын көпшілікке көрсетіп отырамын.

Негізі бұрын әлеуметтік желіге жұмысыма қатысты контенттер жарияламаушы едім. Соңғы уақытта ғана мұны қолға алдым. Оған спортқа қызығатын жас тілшілер, журналистика факультетінің студенттері себепкер болды. Өйткені олар бокс федерациясының баспасөз қызметінде екенімді, ресми парақшасын жүргізетінімді біліп, жеке өзіме хат жаза бастады. Осылайша, спорт журналистикасындағы жиырма жылға жуық тәжірибемді ізімізден ерген іні-сіңлілеріме бөлісейін, оларға бұл саланың қызық және қиын тұстарын да көрсетейін деген мақсатпен жұмысымды жеке парақшамда да жариялап жүрген жайым бар».

Өзінің айтуынша, жеке парақшаға қызмет барысынан контенттер ұсынып, атқарған жұмысын баяндап отырудың пайдалы тұсы да аз емес. Мәселен, Назерке Сұлтанбекті бұрын, яғни, жеке парақшасын жұмысына қолданбай тұрған кезде тек сала мамандары, спорт тақырыбында жазатын журналистер мен ізденушілер ғана таныса, қазір әлеуметтік желіде танымалдығы артқан. Бұл өзінің жеке имиджінен бөлек, қазақ боксының насихатына, ұлттық құрама сапындағы спортшылардың да танымалдығына оң әсерін тигізген. Бұған бір жағынан кейіпкеріміздің кәсіби біліктілігі мен коммуникацияға ашықтығы да сеп болғаны айдан анық.

Мароккоға саяхатым естен кетпейді

Назерке Сұлтанбек спорт саласымен қатар саяхаттағанды ұнатады. Кейіпкеріміздің сөзіне сүйенсек, әсіресе, мұсылман мемлекеттеріне бару ерекше сезімге бөлейді.

«Қанша елге саяхаттасам да Марокко Корольдігіне сапарымның орны бөлек болып қала бермек. 2020 жылы әпкем екеуіміз саяхаттап, Марокконьң алты-жеті қаласын араладық. Бұл ел өзінің тарихи келбетін сақтап қалуымен ерекшеленеді. Мешіті өте көп, тарихи



әрі зәулім ғимараттары сол күйі сақталған. Адамдарға, жалпы мұсылман қауымға өте қолайлы жағдай жасалған. Мешіттері көп бола тұра, кез-келген жерінде ерлердің бөлек, әйелдердің бөлек дәрет алып, намаз оқуына кішігірім болса да орын табылады. Вокзалда пойыз күтіп отырсаң да, уақыты келіп тұрса, емін-еркін намазыңды оқи аласың. Одан бөлек халқынан мұсылманға тән көркем мінезді байқадық. Жергілікті халық қандай да бір қиындық туғанда көп көмектесті. Жол нұсқауда, қызмет көрсетуде ешқандай ақысыз жәрдемдесіп, тамақ ұсынса, жанына сыйлығын қосып беріп бауырмалдық танытты.

Марокко қалаларының басқа елдің қалаларына ұқсамайтын, аутентика дейді ғой, сондай өзіндік әдемілігі бар. Одан кейін Касабланка қаласындағы мұхиттың жағасында орналасқан мешіт қатты ұнады. Жалпы саяхаттағысы келетін жандарға Марокко мемлекетін ұсынар едім. Оған арнайы екі апта арнап, асықпай аралап көрген ерекше әсер сыйлайды деп ойлаймын. Бұдан бөлек араб елдеріне де саяхат жасадым. Қазіргі уақытта Сауд Арабиясы спортқа көп көңіл бөліп жатыр ғой. Алдағы уақытта жұмыс бабымен барар болсам, мен үшін үлкен тәжірибе болғалы тұр».

Пікірлердің 1%-ы орамалыма қатысты жазылады

«Мен өзімді әлеуметтік желіде спорт журналисі, саяхатшы-жиһанкез ретінде ғана көрсетем. Яғни, контенттерімнің дені мамандығыма және әлемді шарлаған саяхаттарыма қатысты әзірленеді. Енді сол посттарым Инстаграмда көптің назарына ұсынылған сәтте жазылған пікірлердің 99%-ы жағымды екенін байқаймын. Ал қалған 1%-ы негатив пікір десек, ол да контенттерімнің сапасына, түсірілуіне немесе менің сөз саптауыма емес, орамалыма қатысты жазылады. Көбінесе танымал спортшылармен, елге белгілі азаматтармен кездесіп, ірі жобалар жасағанымға қарап оқырмандар «Қалайша орамалды қыз осындай жерде жүр?» деген сарында түсінбей жазып жатады.

Бұл меніңше орамалдағы аруларға қатысты қалыптасқан жағымсыз стереотип секілді. Яғни орамал таққан арулар білімді, іскер бола алмайды деген түсінік шығар. Әйтпесе, мені жақсы танитындар қайда, қалай білім алып, қандай жерлерде жұмыс істегенімді жақсы біледі. Іздену мен тұлғалық дамуға көп көңіл бөлемін. Мысалы, кәсіби мамандығымнан бөлек ағылшын тілін меңгеріп, қазіргі уақытта кез-келген ортада, халықаралық іс-шараларда ойымды еркін жеткізе аламын. Маған жұмыс беруші тарап әрқашан өмірлік ұстанымыма, жеке қағидаларыма құрметпен қарап келеді. Менен тек жұмысыма қатысты кәсіби шеберлік талап етіледі. Орамалға қатысты теріс пікірлерді әлеуметтік желіден тыс та естіп-көріп жүрміз. Кейде жауап беруге тура келетін кездер де болады. Бірақ оған жүйкемді, күшім мен уақытымды құртқым келмейді. Бастысы, айналамызда білімімізді, жұмысымызды бағалайтын жандар бар және солар қызмет етуімізге үлкен мүмкіндіктер беріп отыр».

Бұрын спорт журналисі, комментатор десе, бірінші еске түсетін марқұм Амангелді Сейітханды көзкөргендер «Спортшылардың қайрағы» деуші еді. Өйткені ол өзі арнайы репортаж жасап барған Олимпиада, әлем және құрлықтық жарыстарда қатардағы журналист қана емес, спортшыларды қайрап отыратын психолог-мотиваторы, бейресми кеңесшісі болатын. Ал бұл күнде кейіпкеріміз Назерке Сұлтанбек әсіресе, қазақ елінің көк туын әлемдік аренадарда желбіретіп жүрген боксшы арулардың досы, сенімді серігі хәм жанашыр әпкесі іспетті. Амангелді Сейітханға қаншама дарынды бала еліктеп комментаторлықты таңдаса, Назерке Сұлтанбекке еліктеп, қазіргі кезде оның қызметін әлеуметтік желілерде бақылап жүрген талантты қыздар спорт журналистикасына келіп жатыр. Бұл Назеркенің көпке пайдам тисе игі, пайдалы болсам игі деген ниетінің жемісі іспетті.

Дайындаған Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҰСТАНЫМ



Өмірдегі ең күрделі қиын іс – адам тәрбиесі. Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) еске алғанда ол кісінің патшалық қызметін, мемлекет құрып Мәдина қаласын көркейтіп дамытуынан бұрын адамдардың жан дүниесін дөп басып ізгілікке тәрбиелеуі көбірек еске алынады. Шынымен де ғимараттар салу, технологияларды дамыту сияқты істердің бұл өмірде орны маңызды екені белгілі. Алайда, адамды тәрбиелеу – бәрінен де қиын әрі нәзік іс.

Сондықтан адам жаратылғалы бері ұрпақ тәрбиесі қай елде болса да күн тәртібінен түскен емес. Тіпті күн өткен сайын ұрпақ тәрбиесінің маңызы артып бара жатқаны сезілуде.

Қазақ даласында ғасырлардан бері ұрпақ тәрбиесі қоғамда қайта көтерілмейтіндей деңгейде бір ізге қойылып келген. Алайда, мына жаһандану заманында көптеген ата-ана ұрпақтан құрмет көре алмай және сөздерін өткізе алмай дәрменсіз халге түсіп отыр. Тіпті күн өткен сайын бұл келеңсіз жағдайлар көбейіп бара жатқандай көрінеді. Бұл олқылықтарды шешу үшін көптеген шаралар да жасалып жатыр.

Елімізде ұрпақ тәрбиесіне қатысты салихалы жар тандау, азан шақырып жақсы есім қою, ақиқасын сою, сүндеттеу, Құран үйрету және адал ризық-несібе

жегізіп, ата-ананың да ізгі болуы ұрпақ тәрбиесінің негізі екендігі туралы көптеген кітаптар мен мақалалар жазылуда. Осы аталған тәрбиенің негіздері ұрпақтың бойына сіңіп, амалынан көрініс табуы – берілген тәлімнің жемісі.

Бала сәби кезінен мейірімге тойып, ерекше көңіл бөлініп, жұмсақтықпен тәрбиеленіп өссе, ер жеткен соң ойлау жүйесі дұрыс, әрі оң шешім шығара алатын, ешкімге ренжімейтін және қоршаған ортадағы келеңсіз жағдайларды көңіліне алмайтын рухы асқақ болып өмір сүреді. Сондықтан бала оянғаннан бастап, ең жақсы сөздермен, «балам, сен оянып едің үйдің іші нұрланып, жап-жарық болып кетті ғой, бәріміз өте қуаныштымыз, тұра ғой ботақаным» деген сияқты мейірімге толы сөздерді аямай айта беруіміз баланың

жан дүниесін кеңейтіп, ерекше сезіммен өмір сүруіне жетелейді.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәби кезінен ерекше мейірімге бөленіп өсуі, пайғамбарлық кезінде дұшпандардың түрлі зиянына мойымай оларға жұмсақтық танытып, жүздерін ізгілікке бет бұруына себеп болғаны тарихтан мәлім. Пайғамбарлық жолындағы жасалған қиянаттарға қарамай тек жақсылықпен мәміле қылуы – бала кезден мейірімге тойып өсуінен. Атап айтқанда сүт анасы Халима сәби Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тамақ жеуді бастамай өз балаларына рұқсат етпейтін. Атасы Әбдімүтәліптің ғана отыратын арнайы тағына Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа ешқандай бала отырмайтыны сияқты мысалдарды келтіре беруге болады. Олай болса, біз де оқудан немесе сырттан ойнап келген баламызды «аяғыңды шеш», «киіміңді іл», «шашпа, төкпе» деген сияқты сөздермен жекігеннің орнына «ботаканым келді», «тамақты бірге ішейік деп сені тосып отырмыз» деген қуанышты сезімдерімізді білдіретін ырғақты сөз, жылы эмоциямен баланы көп қуантуға әрекет ете бергеніміз дұрыс.

Бала тәрбиесінде өз қалағанымыздай емес, баланың жан дүниесін ізгілікке жетелей-тіндей әрекет ету қажет. Ол үшін әрбір сөз баланың жан дүниесіне оң, не теріс әсер етіп жатқанын сезіну міндет. Балаға көңіл бөлмеген сайын оның жан дүниесіне біртіндеп дерт жинала бастайды. Күнінің көп бөлігін жұмыста өткізетін ата-ана ең болмағанда үйіне кіргенде баласын бауырына қысып құшақтап: «Ботаканым, күні бойы сені ойлап сағынып жүрдім ғой» деген тәрізді мейірімге толы бір ауыз жылы сөзі баланың жан дүниесіндегі қаншама ауруға ем болар еді. Осы жұмсақ сөзі арқылы балаға бөле алмаған көңіл мен уақыттың орнын аз да болса толтырамыз анық.

Балаларымыз балаларын еркелеткен кезде «жаным, күнім» деген сөздердің орнына, «Құдайдың бере салғаны, Алланың бергені» деген сияқты сөздерді қолданып отырған. Сонымен қатар баланы қолына алып мейірлене: «Алла Тағала сені шүкір етсін деп берген ғой», «Аллаға мың шүкір» деген сияқты жақсы көргенін сездіре отырып, Жаратушысын еске алып сөйлеуінің баланың жан дүниесіне әсері өте үлкен.

Адамның кемел өмір сүруіне толықтай әсер ететін

үлкен негіз – ата-ананың баламен ойнауы. Алдыңғы буын ғалымдар: **«Онымен жеті жасқа дейін ойна...»** деп маңызды өсиет айтқан. Баламен ойнаудағы мақсат – жан дүниесіне ізгілікті сіңіру. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) балаларды арқасына мінгізіп ат болып ойнатуы, қолынан жетектесе, көңілін қимай сонынан еріп кете беруі, оларды жарыстыруы тіпті намаздың үстінде ойнаса да, ойындарын бөлмеуі сынды әрекеттері үмбеті үшін үлкен өнеге. Бүгінгі таңда куә болып жүргеніміздей балаларымен көбінесе аналары ойнайды. Әке де күніне бірнеше минутын арнап, әр түрлі ойындарды жоспарлап жүйелі түрде баламен ойнауы тәрбие үшін ауадай қажет болған үлкен міндет.

Ал, анасы тарапынан көбірек уақыт бөлуі тіпті маңыздырақ. Ойыншықтары көп болып өз бетінше ойнау немесе балабақшаға беру арқылы мәселені шешу – болашақта өкіндіретін іс әрекеттерден. Баланың жан дүниесі қалыптасатын уақытта оған көбірек көңіл бөлу – жер бетіндегі істердің маңыздысы. Бұл үшін зәулім үйде тұру немесе көп ойыншық әперетін жағдайының болуы шарт емес. Саналы адам кез келген нәрсені ойыншық қылып баланың санасын дамыта алады.

Тәрбиенің негізі – жұмсақтық, мейірімділік және ең маңыздысы,

жан дүниесіне дұрыс әсер ететіндей ізгілік кілтін дәл таба білуі. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мәмілесіне қарап кездескен әрбір адам «Пайғамбар мені бәрінен артық жақсы көреді» деген сезімге бөленетін. Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын): «Кез келген бір істі тапсырғанда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Неге бұлай істедің?»** немесе **«Бұйырған ісімді неге істемедің?»** деп кейіген емес», – деген. Сонымен қатар, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кездескен адамға бірінші болып сәлем беретін және әрдайым күлімдеп жылы қабақ танытатын асыл қасиеттерін айтып тауысу мүмкін емес. Сол себепті де Алла елшісінің адам тәрбиелеудегі даналығы әрдайым бала тәрбиесіндегі маңызды әрі өзекті ұстаным болып қала бермек.

Гүлмира ІЛЕСБАЙҚЫЗЫ,
ҚМДБ Әйел-қыздар секторының
Алматы қаласы бойынша жауапты маманы

ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ

Ислам діні қыз балаға кішкентай кезінен бастап жақсылық жасауды, оны аялап, тәрбиелеуді құлшылық деңгейіне көтерді. Бұл жөнінде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кім өзіне нәсіп болған қыз балаларына қамқор болып, оларға жақсылық танытып, дұрыс тәрбиелесе, бұл амалы тозақ отына қалқан болады» (имам Бұхари).**

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз баланың мәртебесін көтеріп, оған дұрыс көңіл бөлудің өзі Алланың сүйіспеншілігіне жетей-летінін түсіндірді. Қазірдің өзінде кейбір ата-аналар қыз туатын болса, көңілдері түсіп «ұл неге нәсіп болмады» деген сынды ойларға ұрынады. Әрине, қоғам дамуы үшін екеуі де қажет. Ұлдың атқаратын қызметі, тигізетін пайдасы болғаны секілді қыздың да өзіне сай, ер адам оның орның толтыра алмайтын, атқаратын маңызды шаруалары бар. Дегенмен, кейбір адамдар ұл баланы көбірек ансағаны үшін Алла елшісі қызды болып, оған тәрбие берудің қандай артықшылығы

бар екенін жоғарыда келтіргеніміздей ашықтады. Осындай жаңсақ түсінікті халықтың санасынан жою үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көп әрекет жасады. Тағы бір хадисте былай делінген: **«Кімнің үш қызы болып, оларды тәрбиелеп, оларға мейірім танытып, асырап-бағып қамқорлық жасаса, оған жұмақ сөзсіз уәжіп болады».** Сонда жаныңдағылар: «Уа, Алланың Елшісі, екеу болса ше?» – деп сұрады. Ол: **«Екеу болса да»,** – деді. Сонда жиналғандардың кейбірі: «Егер бір ғана қызы деп сұралғанда, **«біреуі болса да»** деп жауап беретін еді», – деп пайымдады (Бұхари).



Болашақ жарын таңдау еркі

Қыз бала бойжетіп, некеге жарамды жасқа жеткенде, Ислам оған өз жұбайын таңдауға толық құқық береді. Бұл жөнінде Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Әйел кісі өзіне қатысты мәселеде уәлиінен (қамқоршысынан) да артық құқыққа ие. Бойжеткен қыздан рұқсат сұралады, оның рұқсаты – үндемей қалуы»** (Имам Мүслим). Әрине, қызды қияға қоңдырып, оған жақсы жар табуды дініміз ең бірінші қыздың әкесіне, ол болмаса атасына, содан соң көкелеріне, ағаларына үктейді. Әйтсе де, соңғы шешім шығару құзыреті қыздың өзінде.

Жұбай ретіндегі құқығы

Әйел адам тұрмысқа шыққаннан кейін дініміз күйеуіне оны жақсы көруді, құрметпен қарауды, әділ әрі мейірімді болуды міндеттейді. Қасиетті Құран Кәрімде: **«Әйелдеріңмен көркем түрде қарым-қатынас жасаңдар. Егер оларды ұнатпай қалсаңдар да, бәлкім сендер ұнатпаған нәрседе Алла көп жақсылық жасырған болар»** («Ниса» сүресі, 19 аят) делінсе, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Әйелдеріңмен**

жақсы мәміледе болыңдар!», – деп өсиет еткен. Басқа бір хадисте: **«Иман жағынан ең кемел мүмін – мінезі ең көркемі. Ал сендердің ең жақсыларың әйелдеріне ең жақсы қарым-қатынас жасайтындарың»** (Ахмад) деп отбасындағы жұбаймен мәміленің маңызды екенін меңзеген.

Қызды өсіру бақытқа жетелейтіні тәрізді, басқа біреудің қызын жар етіп алған кезде оған көркем мінез таныту кемел иманның белгісі ретінде саналмақ. Оған қоса дініміз ер азаматқа өз жұбайын асырап, нәпақа беруін міндеттеді. Нәпақа деп дінімізде үш нәрсені айтады: Баспана, азық-түлік, киім-кешек. Некедегі әйел жұбайынан нәпақаны қамтамасыз етуін талап етуге толықтай құқылы.

Оған қоса әйел заты өзі туып өскен ыстық ұясын тастап, өзге жұртқа өзін арнайтыны себепті дініміз ер азаматқа өз жұбайына құрмет көрсетіп әрі қадірін білсін деп неке қиып жатқан кезде «маһр» сыйлығын беруге міндеттеді. Бұл тек қыздың өзінің жеке мүлкі болмақ. Оны қаласа өзіне қалдырады немесе ата-анасына беріп, иә жұбайына қайтарып берсе болады. Бұл оның жеке шаруасы, жеке құқығы.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз баланың мәртебесін көтеріп, оған дұрыс көңіл бөлудің өзі Алланың сүйіспеншілігіне жетейлетінін түсіндірді. Қазірдің өзінде кейбар ата-аналар қыз туатын болса, көңілдері түсіп «ұл неге нәсіп болмады» деген сынды ойларға ұрынады. Әрине, қоғам дамуы үшін екеуі де қажет.



Аналық құқығы

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ананың қадірін ерекше атап көрсетіп, бір сахабасына былай деген: **«Анаңның қасында бол! Себебі, пейіш – оның табанының астында»** (Нәсаи). Хадиске назар салсақ, пейіштің өзі ананың табанының астында тұрғандай. Бұл не деген ғажап теңеу! Бейне бір ананы разы қылсаң болғаны, басқа еш нәрсе қажет емес. Басқа бір жолды іздемей-ақ қой, бұл жеткілікті дегендей. Пейіш алыс жерде емес, көріп жүрген анаңның разылығында.

Осылайша, Ислам әйелді өмірінің әр кезеңінде оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауды ең жоғары діни әрі адамгершілік міндеттердің бірі етіп бекітті. Әр кезде оған тиісті құрмет көрсеткен адамға, Алланың түрлі сый-сыяпаты әзір екенін көрдік. Бұдан бөлек, шарифатымыз әйелдердің білім алу, кәсіп игеру және мұрагерлік құқығын да белгілеп берген.

Білім алу құқығы. **«Білім алу әрбір мұсылман ер мен әйелге –парыз»** (Байхақи) деген хадиске сай әйел адамның да білім алуы – адамдық міндеті. Ислам тарихында көптеген ғалымдар ілімі жоғары әйел ұстаздардан білім алған. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайлары да білімі арқылы дін таралуына үлкен үлес қосты. Айша анамыз (Алла оған разы болсын) тіпті сахабаларды түзетіп, дін мәселелерін қате жеткізілмеуіне ерен еңбек етті.

Кәсіп жасау құқығы. Негізінде дініміз әйел адамға кәсіп жасап, табыс табуды міндеттемейді. Оны әкесі не жұбайы асырауы тиіс. Алайда шарифат талаптарын сақтай отыра дініміз әйелдің жұмыс істеуіне де тыйым салмайды. Тарихта әйелдердің сауда-саттық жасап, білім беріп, қоғамдық істермен айналысқаны белгілі. Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты

мен сәлемі болсын) жұбайы Хадиша анамыз да (Алла оған разы болсын) – осы айтқанымызға анық мысал. Сондай-ақ, әйел кісінің жеке меншік мүлкін оның рұқсатынсыз ешкім қолданып, жұмсай алмайды. Ол оны толыққанды өзі басқаруға құқылы. Ер кісі де жұбайының мүлкіне рұқсатсыз қол сұға алмайды. Әрине, көбінесе ерлі-зайыптылар бір-біріне алдын ала рұқсат беріп қояды. Дегенмен, бірі екіншісіне ашық тыйым салатын болса, онда бұған жол жоқ.

Мұра алу құқығы. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Ата-анасы мен туыстары қалдырған мұрадан ерлерге де үлес бар, әйелдерге де үлес бар»**. Түрлі жағдайларға сай әйел кісінің мұрадағы үлесі дінімізде кеңінен баяндалған. Демек, әйел кісінің үлесін оның рұқсатынсыз біреу иеленсе үлкен күнә арқалап, зұлымдық жасаған болады. Жалпы Алланың алдында ер мен әйелдің ғибадаттағы міндеттері мен сауаптары тең екендігі айқын көрінеді: намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты парыздар екеуіне де бірдей міндеттелген. **«Ер болсын, әйел болсын, кімде-кім иман келтіріп, ізгі амал жасаса, олар жәннатқа кіреді және оларға тозаңдай да әділетсіздік жасалмайды»** («Ниса» сүресі, 124-аят).

Әйелдің білім алу, еңбек ету, мұра алу, отбасын құру және қоғам өміріне қатысу құқықтары қамтамасыз етілген. Ислам қоғамында әйел көптеген салаларда маңызды рөл атқарды. Осылайша, Ислам әйелдің қадір-қасиетін қорғап, оның қоғамдағы орнын нығайтатын жан-жақты құқықтық және рухани негіз қалыптастырды.

Тамирлан ДАРХАНҰЛЫ,
РАНТ мүшесі



АЩЫ ӨМІРДЕН, АҚИҚАТ ЖОЛҒА...

Адам баласының жүрегі кейде ақиқатты емес, әсерді іздеп жатады. Ал әсерге ерген жүрек ақылдан алыстаса, жол да бұлыңғырланады. Дін адамның жүрегіне тыныштық, санаға салмақ сыйлауы тиіс еді. Бірақ тарихта талай рет сол діннің атын жамылған адасулар адам тағдырын тәлкекке салғаны рас.

Бұл – сол адасудың ішінен өтіп, қасіреттің қалың түнінен кейін ақиқаттың жарығын көрген ананың жанайқайы. Сол жанайқай тұтас бір кезеңге таңба болып түскен, мыңдаған жүректі жаралаған қателіктің үнсіз куәгеріндей.

Әңгіме барысында оқырманды үкім емес, тәлкекке түскен тағдыр жайлы сөз күтіп тұр. Айыптау емес, мұнда сабақ бар. Бұл жолдарда бір ананың жүрек сыры арқылы бүгінгі қоғамға үн қатқан ауыр да маңызды ақиқат жатыр. Ендеше сол үнге құлақ түріп, тағдыр тарауын бірге парақтайық. Кейіпкеріміздің жеке өтініші бойынша есім-сойы оқырман назарына ұсынылмады.

«Мен намазды алғаш рет 2010 жылы оқыдым. Діндегі алғашқы қадамым ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі Ханафи мәзһабына сай басталды. Қазақы ортаға сай киініп, келіндерше орамал тағып, біртіндеп рухани ізденіске бет бұрдым. Ол кезде дін мен үшін сабыр мен сыпайылыққа, ата-анаға құрмет пен ізгілікке жетелейтін жол еді.

Алайда уақыт өте келе көзқарасым да, киімім де өзгере бастады. Өзімді «тақуалыққа бет алдым» деп ойладым. Бұл өзгеріске сол кездегі күйеуімнің ықпалы болды. Ол: «Біз дұрыс емес бағытта кетіп бара жатқан сияқтымыз, айналамдағы бауырлар солай дейді», – деп жиі айтатын.

Сол жылдары орыс тілді, радикалды ұстанымдағы діни ағым өкілдері – Саид Бурятский, Саситлинский, Ахмад Мединский, Надир абу Холид сынды кісілердің уағыздарын тыңдай бастадық. Эмоцияға құрылған, отты сөздер жүректі тез баурайтын. Ал бізде сол отты суытатын, сүзгіден өткізетін терең діни білім жоқ еді. Ақылдан бұрын сезім жеңді десем де болады.

2014 жылы «ИГИЛ» лаңкестік ұрандарының ықпалымен Сирияға жол тарттық. «Халифат» идеясы барынша насихатталып тұрған шақ еді. Біз мұның бәрін «дін үшін жасалып жатқан әділ күрес» деп қабылдадық. Ашық айтсам, бұл діндегі соқыр фанатизм екен.

Сирияға құрбыммен бірге кеттім. Ол жақта Ракка қаласында тұрдық. Сол жақтағы көріністер алғашында көңілді алдады, әйелдердің түгел жабық жүруі, «шариғаттық өмір» деп көрсетілген бейнелер жүрекке үміт ұялатқандай болды. Бірақ шындық мүлде басқа еді.

Сирияда үлкен мешітке ұқсас орында екі жүзге жуық адамға ақида мен фикһтан сабақ өтетін. Тунис пен Мысырдан келген жат ағымды насихаттайтын адамдар дәріс берді. Солардың арасында белгілі радикалды Надир абу Холид, Ахмад Мединский сынды уағызшылардың өздері мен отбасылары да жүретін. Мәссаған, «Олар келіп жатса, демек біз тура жолдамыз» деп таңғалып ойлаған кездерім де аз болмады.

Бір күні ақида сабағында Мұхаммад ибн Абдулаһһабытың «Діннен шығаратын он нәрсе» атты еңбегі оқытылды. Сонда үшінші тармақты естігенде жүрегім тітіркеніп кетті: «Біреуді кәпір демесең, өзін кәпір боласың» деген сөз жанымды жай таптырмады.

Өзіме «Сонда менің ата-анам намаз оқымаса, оларды кәпір деуім керек пе?», – деген сауал қойдым. Осы сұрақтан кейін олардың маған деген көзқарастары күрт өзгеріп кетті. «Сен Қазақстанды «күпір» деп келіп отырған жоқсың ба?», – дегенде, «Жоқ, білім алу үшін келдім», – деген жауабым оларды қанағаттандырмады.

Сабақты қайта тапсыртып, емтихан алып, көптің алдында мазақ етіп, кекеткен сәттер де болды. Сол кезде ішкі ар-ұжданым ояна бастады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды дінге көркем етіп шақырса, бұлар неге діннен шығаруға асығады деген ой санамнан кетпеді.

Осы күмәндарымды жарыма айтқанда, ол тек: «Үндеме», – деумен шектеліп, осылайша өмірімізді сақтап қалуға тырысып бақты. Расымен де, көп адамдар іштерінен қорқып, өкініп жүрсе де, шындықты айтуға батпайтын. Мінеки, бұл жағдай да күйеуіммен ажырасуымызға себеп болды.

Сирияда жүргенімде ең ауыр қасіретті басымнан кештім. Яғни, ұлымнан айырылдым. Балаларды «медресе» деген атпен алып кететін, ішінде әрі діни, әрі әскери дайындық жүргізілетін орындар бар еді. Ұлым он бес жасында бомбалау кезінде қаза тапты. Шіркін, ана мен баланың ажырауы – жүректі жұлып алғанмен тең ғой. Бұл қасіретті сөзбен жеткізу мүмкін емес...

Осылайша, еліме қайтуды ұйғардым. Балаларымды алып, өз бетіммен кетуге бел будым. Жанымда тағдырлас жесір әйел бар еді. Ол да болса балаларын алып, барлығымыз бірге жолға аттандық. Қыс мезгілі, ақпан айы еді. Жеті күн бойы айдалада жүрдік. Күндіз жылымық, түнде үскірік аяз. Ол кезде аяғым ауыр болатын. Ақыры күрдттік жасақтарға жолығып, олардан көмек сұрадық. Олар болса, бізді жылы жерге орналастырды. Таңғаларлығы, біз дұшпан деп жүрген адамдар бізге жәрдем берді. Яғни, біздердің күйеулеріміз солармен соғысатын. Олар да «біз де мұсылманбыз ғой, неге бізбен соғысасыздар» деп реніштерін білдіргенде қатты ұялдым. Сол сәттерде адамгершілік пен мейірімділік діни радикализмнен жоғары тұратынын ұқтым.

Кейін олар бізді әл-Хуль деген лагерге дейін жеткізді. Үш ай бойы сол жерде болдық. Бір күні «Қазақтар, қайдасындар?» деген қатты дауыс естілді. Не болды екен деп, үрейленіп барғанымызда, Қазақстаннан Сыртқы істер министрлігінің өкілдері бізді «Жусан-2» операциясымен елге алып кетуге келген екен. Олар барлық мәліметтерімізді жинап, елге оралған соң, заң алдында жауап беретінімізді түсіндіріп ашық айтты. Біз барлығына дайын екенімізді білдірдік. Себебі, туған елдің тыныштығы мен қамқорлығы қандай ұлы нығмет екенін алыста жүріп, қауіп пен үміттің арасында ғана шын түсіндік.

Сол сәтте қазақтың кеңдігі, елдің қамқорлығы жүрегімді елжіретті. «Қазақ жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған», «бір қазақ құласа, мың қазақ демеу болады» деген сөздер көзіме жас үйірді.

Елге оралып, бір жыл үш ай бостандықта болдым. Қызым өз Отанында дүние есігін ашты. Балаларымның барлығына ҚР азаматтығы берілді. Сөйтіп, 2020 жылы қылмыстық іс қозғалып, заң шеңберінде түзеу мекемесіне түстім. Сол кезеңде психологтармен, теологтармен жүйелі түрде жұмыс

жүргізіліп, уақыт өте келе жүрегім сабасына түсті. Бұрын қабылдай алмаған ақиқатқа көзім жетіп, Аллаға шүкір, тәубеме келдім.

Бүгінде бостандықтамын. Балаларымды мектепке апару, ата-анаммен бір дастарқанда отыру бұрын түс секілді көрінетін еді. Қазір сол түс шындыққа айналып, сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Балаларыма жиналып қалған мейірімді беріп жүрмін. Олар да аналарының жанында екенін енді сезіне бастады.

Алдағы арманым – оқуымды жалғастыру. Педагогика және психология мамандығында үшінші курста тоқтап қалған білімімді тәмамдағым келеді.

«Әрбір қазақ – жалғызым» демекші, өзімнен кіші жастарға айтарым біреу, асыл дінімізді біліммен ұстансаңыздар екен. Себебі білімсіз, ақиқатқа жету мүмкін емес. Білімді тек сенімді, дәстүрлі жолдағы имам-ұстаздардан алыңыздар дегім келеді. «Өзімдікі ғана дұрыс» деген ой, үлкен қателікке бастайды.

Бұл – менің өмірімнен өткен ащы, бірақ сабаққа толы жол. Алла баршамызды тура жолдан айырмасын!».

**Дайындаған Ислам МАРАТҰЛЫ,
ҚМДБ Діни оңалту бөлімінің маманы**

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ САЯСИ КӨШБАСШЫСЫ



Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Алаш партиясы мен Алаш Орда ұлттық үкіметі – отарлық бұғаудағы халықтың еркіндікке ұмтылған ең биік өрнегі. Алаш көшбасшыларының ішінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Міржақып Дулатұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай сынды ұлы тұлғалардың есімі кеңінен танылған. Алайда осы қозғалыстың ішкі құрылымында елдік мүддеге қызмет еткен, бірақ тарихта назардан тыс қалып қойған тұлғалар өте көп. Солардың бірі де, бірегейі – қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы дәрігер, ұлттық рухы биік қайраткер Аққағаз Досжанқызы еді!



Аққағаз – қазақ қыздарының феномені. Аяулы анамыз табиғатынан рухты, намысты, сергек болыпты. Ол туралы жазылған естеліктерді оқып отырсаңыз, болмысына, мінезіне қайран қалып, еріксіз бас шайқайсың. Жігерлі, айтқан сөзінен қайтпайтын, табанды, ұстанымына адал болған Аққағаз Орынбор әйелдер гимназиясын алтын медальмен тәмамдап, Мәскеу медицина институтында білімін жалғастырады. Бұл – қазақ қыздары үшін бұрын-соңды болмаған тарихи оқиға еді.

1917 жыл – Ресей империясы күйреп, жаңа қоғамдық құрылым іздеген аласапыран кезең

болатын. Сол тарихи шақта Қазан қаласында өткен Бірінші Бүкілресейлік Мұсылман әйелдері сиезі мұсылман қоғамындағы әйелдің орны туралы ашық пікір айтылған айрықша жиын болыпты. Бұл сиез – тек әйелдер мәселесін талқылаған басқосу емес, ұлттың болашағын, өркениеттік бағытын айқындауға ұмтылған тарихи мінбер еді. Осы тарихи жиынға татар, башқұрт, қазақ және басқа да түркі-мұсылман халықтарының өкілдері қатысты. Төмендегі суретте көрініс тапқан тұлғалардың арасында үшінші қатарда сегізінші болып отырған Хадиша Танашева, төртінші қатарда үшінші – Аққағаз Досжанқызы, бесінші қатарда екінші – Гүлсім Асфендиарова бар. Бұлар – XX ғасыр басындағы түркі әлемінде әйел теңдігі мәселесін батыл көтерген жаңа буын зиялылары-тын.

Өр мінез Аққағаз Досжанқызы осы Қазан сиезінде әйелдердің білім алуы, некеде еркіндік, қоғамдық іске араласу құқығы туралы мәселені қолдап сөз сөйлеген делегаттардың қатарында болды. Ол әйелдің тек отбасы аясында ғана қалып қоюы ұлттың дамуын тежейтінін түсіндірген. Оның пайымынша, «ана сауатты болмай, ұрпақтың санасы оянбайды», ал ұлттың ілгерілеуі ең алдымен әйелдің рухани және зияткерлік еркіндігіне байланысты.

1917 жылдың мамырында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік Мұсылмандар сиезінде де Аққағаз Досжанқызы әйел теңдігі мәселесін көтергені белгілі. Бұл жиында автономия, жер, оқу-ағарту, дін мәселелерімен қатар әйелдің азаматтық құқықтары сөз болды. Аққағаз әйелдің қоғамдағы орнын кеңейту – ұлттық жаңғырудың бір шарты екенін атап көрсетті.



Бірінші бүкілресейлік мұсылман қыздарының сиезі

Қазан қаласы, 1917 жыл

Суретте (солдан оңға қарай): үшінші қатарда сегізінші – Хадиша Танашева, төртінші қатарда үшінші – Аққағаз Досжанқызы, бесінші қатарда екінші – Гүлсім Асфендиарова.

Оның ұстанымы әйел теңдігін тек жеке әлеуметтік мәселе ретінде емес, ұлттың өркениеттік тағдырымен сабақтас құбылыс ретінде қарастырғанын аңғартқанын байқаймыз.

Анығында, Қазан мен Мәскеудегі сиездерінде көтерілген әйел теңдігі идеясы қазақ қоғамында жаңа серпін тудырған. Бұл қозғалыс кейін қыздардың білім алуының дамуына, қоғамдық ұйымдардың құрылуына және баспасөзде «әйел мәселесінің» тұрақты тақырыпқа айналуына ықпал етті. Аққағаз Досжанқызы сынды қайраткерлердің батыл сөзі XX ғасыр басындағы ұлт жаңғыруының маңызды құрамдас бөлігі ретінде хатталды.

Тарихнамада Аққағаз есімі көбінесе «Алаш идеясын қолдаған» интеллигенция қатарында эпизодтық деңгейде ғана айтылады. Бірақ бұл – үстірт баға. Шынтуайтына келгенде, Аққағаз Ташкенттегі қазақ жастарының ұйымдарына жетекшілік еткен, XX ғасыр басындағы мәдени-ағартушылық қоғамдық істерге айрықша белсене араласқан әрі Алаш Орда ұлттық үкіметінің әлеуметтік мәселелерін дәрігер ретінде шешуге атсалысқан үлкен қайраткер. Мұсылман қыздар арасынан шыққан оқыған, озық ойлы алғашқы сауатты әйелдердің бірегейі.

Аққағаздың Алаш жасағының құрамында медицина қызметкері әрі барлаушы болғаны жайлы деректер кездеседі. Осы фактілер Аққағаздың жай ұлттық идея жанашыры ғана емес, Алаш қозғалысының

белсенді қатысушысы, интеллектуалдық серігі, жас ұрпаққа бағыт көрсеткен үлгі иесі екенін дәлелдейді.

Неге Аққағаз әлі күнге дейін екінші қатарда тұр? Біріншіден, қазақ тарихнамасында ұзақ уақыт бойы «ұлт көшбасшысы» бейнесі ерлермен ғана байланыстырылып келді. Әйелдер қоғамдық рөлінен гөрі жеке, тұрмыстық салада ғана бағаланды. Бұл – кеңестік стереотиптің салдары. Екіншіден, Аққағаздың артына қалдырған дерек көлемі шектеулі – оның шығармашылық мұрасы, күнделіктері не саяси манифесттері бізге жетпеген. Бірақ бұл оның тарихи маңызын жоққа шығармайды. Өйткені оның өмірлік жолы – ұлтқа қызмет етудің нақты үлгісі.

Жалпы Аққағаз – декорациялық бейне емес, ұлт тарихындағы рухани өзек. Алаш қозғалысын тек саяси партия ретінде емес, ұлттық жаңғырудың мәдени және рухани қозғалысы ретінде қарастырсақ, Аққағаз Досжанқызы оның негізгі тұлғаларының бірі ретінде танылуы керек. Ол – ұлт анасының символы, қазақ әйелінің оянуының бастауы, Алаштың гуманистік арнасының көрінісі. Асылында, Аққағаз бастаған XX ғасыр басындағы ақ жүрек қазақ қыздарының қозғалысы – ұлт-азаттық күрестің мәдени-рухани қанаты, ал олардың қызметі – қазақ модернизациясының ұлттық коды.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы, алаштанушы

АНАЛАР ЖАЙЛЫ ФИЛЬМДЕР

«Ана» деген ұғым бұл дүниеде бала үшін қандай қадірлі болса, қоғам үшін де сондай аяулы, әрдайым ардақты. Асыл дініміз бен ата салтымызда да ананың орны тым бөлек. Тіпті адамдарды қорқынышта ұстап, өзін Құдай санатында көрген Перғауынның өзі анасын айрықша құрметтеген деседі. Ана тақырыбы көркем әдебиетте, бейнелеу өнері мен кинематография саласында да ерекше маңызға ие.

Алысқа бармай-ақ өзіміздің ғасырға жуық кино шежіремізге зер салсақ, фильмдердегі аяулы ана бейнесі көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, сол көркем туындылардың деңгейін көтергені де ақиқат. Оған тума талант актрисалардың сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз. Мәселен, «Тақиялы періште» көркем фильміндегі Тана әжейді сомдаған Әмина Өмірзақованың басқа да киноларда рөлі болса да, ел-жұрт оны Тайлақтың анасы ретінде таниды. Бұл енді актрисаның образды шынайы сомдай алғанының белгісі. Одан бөлек Әмина Ерғожақызы «Ана туралы жыр», «Жұлдызыңды

сақта», «Мама Роза» фильмдерінде де ана бейнесін жоғары деңгейде сомдады. Тіпті «Мама Роза» кинотуындысындағы рөлі үшін «Шоқжұлдыз» кинофестивалінде лауреат атанды.

Ал Бикен Римованың «Менің атым Қожа» фильміндегі ойнаған уақыты аз, эпизодтық рөлдің көлеміндей қысқа болса да, Қожаның анасы Миләттің рөлін сомдауы комедия жанрындағы балалар фильмінің драмалық тұсы еді. Күйеуі соғыстан оралмаған жесір бейнесі сол кездегі ерін сағынған, баласын өгей әкеге қаратпаған қайсар аналарды сипаттай алды. Сонымен қатар Бикен Римованың

Гүлбибі әженің рөлін сомдаған «Тоғысқан тағдырлар» телехикаясы қазақ кинематографиямындағы алғашқы телехикая екені белгілі.

Бұдан бөлек, 2000-жылдары «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Күлпаш» көркем фильмін қазір интернеттен таппайсыз. Ол кинотуындыда жүрек ауруына шалдыққан қызы бар Күлпаш есімді ананың оқиғасы көрсетіледі. Қазіргі уақытта егде тартып, әже рөлін сомдап жүрген актриса Дариға Күшекбаева ширек ғасыр бұрын Күлпаш бейнесі арқылы көпке танылған еді. 2003 жылы жарық көрген Нұрлан Өнербаевтың «Бір бала» фильмінде де Дариға

Күшекбаева мейірімді ана образын жақсы ашқан.

«Шабдалы» фильмі десе, көз алдымызға бірден актриса Шолпан Елгезек келеді. Осы фильмдегі басты рөлі арқылы көрерменнің жүрегіне жол тапқан актриса 2018 жылы жол апатынан қыршын кеткен еді. Белгілі жырау Алмас Алматовтың «Шабдалы» әңгімесінің желісімен түсірілген фильмде үріп ауызға салғандай бір түйір қызын жалғыз өзі өсірген ана оқиғасы көрсетіледі. Қызы болса оңтүстік өңірге күйеуге шықпаймын, ол жақтың жігіттерімен сөйлеспеймін деп жүріп Жетісайдың түкпірінде тұратын жігітпен тұрмыс құрады. Қызын әне-міне қызметке орналастырам деп отырған анасы қызын Астанадан таппай, «құдаларының» ауылына жол тартады. Бала-шағасының несібесін шабдалы бағымен тауып отырған қарапайым отбасы да, күйеу баласы да уақыт өте келе Жазираға ұнап, қызына ақ батасын береді. Бұл фильм әсіресе «жершілдік» мәселесі ушығып тұрған қазақ қоғамының жарасын және оны емдеудің жолын дәл көрсетті. Сол себепті де көрерменнің ықыласына бірден бөленді.

«Анаға апарар жол»

Режиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» көркем драмалық фильмі 2016 жылы жарық көрді. Фильм түсірілімі Қазақстанда, Әзірбайжанның Баку, Лагич қалаларында, Белоруссияның Минск пен Брест шаһарларында өтті. Үш сағаттық тарихи драма 1930 жылдардағы қазақ халқының басына түскен нәубетті суреттейді. Оқиға желісі қазақ халқының басына түскен ауыр кезең – ұжымдастыру, ашаршылық, соғыс пен одан кейінгі жылдарды қамтиды. Басты кейіпкер Ілияс (Әділ Ахмет) тағдырдың тауқыметін ерте



тартып, өмірдің қиындығына әбден шыңдалған кейіпкер. Оның өмірде күйзеліске түсіп кетпей, қиындыққа қарсы тұруына туған жеріне деген сағыныш пен ана махаббаты ерекше күш береді. Әйтпесе, оның өмірде көрмегені жоқ, балалар үйінде өсті, соғысқа кетіп, одан кейінгі жылдары тұтқында болады. Осы ауыртпалықтың бәрінен аман шығуға оның анасымен қауышуға деген мақсаты көмектеседі. Бұл қиын кезең, соқтықпалы соқпақты жолы – «анаға апарар жол» болатын. Фильмде актриса Алтынай Нөгербектің де сол бір зұлмат кезеңдегі аналар бейнесін жоғары деңгейде сомдай алғанын айта кеткен жөн.

Қызық бір жайт, Аустралия

мен Ұлыбритания бірігіп түсірген «Арыстан» фильмі мен «Анаға апарар жол» киносының мазмұндас. Екеуінің жарыққа шыққан уақыты – 2016 жылдың қыркүйек айы. Алты бірдей «Оскар» сыйлығын иеленген «Арыстан» фильмінде басты кейіпкер кішкентай кезінде ағасынан адасып, басқа пойызға мініп, мүлдем бейтаныс аймаққа тап болады. Кейін аустралиялық отбасында ер жетіп, жігіт шағында тарихи отаны Үндістанға барып, туған анасын тауып алады.

«Пейіш»

Қырғыздардың «Пейіш – ананың табанының астында» фильмі көптеген мұсылман және ТМД елдерінің кинотеатрларында көрсетілді. Сондай-ақ Ресей кинопрокатына шыққан алғашқы қырғыз фильмі екен. Бұл көркем туындыға қазақ елінің продюсерлері мен актерлері де атсалысты. Киноның оқиға желісі қырғыз елінің бір ауылында басталып, Өзбекстан мен Қазақстанда, Әзербайжан мен Түркия жерінде, соңында Сирияда жалғасып, қасиетті Мекке төрінде түйінделеді. Фильмнің ең бір ерекше тұсы әртүрлі көңіл-күйге бөлейтіні дер едік. Өйткені бұл киноны көріп отырып, анаға, Отанға деген сағыныш, аяу мен мүсіркеу, күлімдеу мен жабығу сынды түрлі эмоцияға берілесіз. Ұзақ жолға, қасиетті сапарға жаяу





шыққан ана мен отыз бесте болса 7-8 жастағы бала секілді зіңгіттей жігіттің оқиғасы көрген адамды бір жалықтырмайды. Тіпті екі сағаттан астам уақыттың қалай өтіп кеткенін сезбей де қаласыз. Ал тағы бір ерекшелігі – ең қызық жерін көрерменнің таңдауына қалдыра алуы. Яғни, біреуге Өзбекстандағы оқиғасы ең қызық жері болса, енді біреуге Қазақстан аймағынан өтетін тұсы, енді біреуге Түркиядағы сәттері ең қызық жері болуы мүмкін.

Араға екі жыл салып жуырда «Пейіш-2: Анама хат» көркем фильмі жарық көрді. Онда ерекше бала Әділ өзінің досы Дамирмен оның анасын Мәскеуден іздеуге аттанады. Бұл – анаға деген сағыныш, абзал жанға деген қимастық сипатталған драма.

«Болған оқиға»

«Болған оқиға» – балалар үйінен асырап алған үш ұлдың анасы жайлы көркем фильм. Кезінде ауылдық жерде жетімдер үйі жабылып, ондағы балаларды жан-жаққа жөнелте бастағанда, сол жердің қызметкері Бибігүл деген келіншек Сәкен, Ердос және Біржан деген үш баланы өзі асырап алады. Бұған қарсы болған

күйеуі не балаларды, не өзін таңда дегенде Бибігүл сөзсіз үш жетімді таңдайды. Фильмнің негізгі желісі ауылдан қалаға балаларын сағынып келе жатқан Бибігүлдің пойыздағы әңгімесінен басталады. Айтуынша, үш баласы да мықты, әрқайсысы өзінше бір тұлға. Әйтсе де, үшеуінің ішінде Ердостың ғана тасы өрге домалаған, тек оның «бір кем дүниесі» он жылдан бері ұрпақ сүймей келеді. Ал қалған екеуі аналарын әбден өтірікке тойдырған.

Бибігүлдің үш баласын ауылдан сағынып келе жатқандағы себебі екеу еді: бірі – туған күнін балаларымен бірге өткізу, екіншісі – айықпас дертке шалдыққанын, қайтыс болар күні жақын екенін ұлдарына ақырын естірту.

«Құшақташы мама»

Биыл жарық көрген «Құшақташы мама» көркем фильмі Қазақстан кинопрокатын бірден жаулап алды. Бұл туындыда да ана мен баланың сапар шегуі көрсетіліп, екеуінің бұрын ауылда өткен оқиғалары көрсетіледі. Екеуі өткенді еске алып, бір-бірінің ана және бала ретінде жіберген қателіктерін тізе бастайды. Стоматолог Жалғас (Мақсат Рахмет) анасымен (Гүлжамал Қазақбаева) әңгімелесе келе, бір күліп, бір жылайды. Бала күнінде анасына жазған хатын да оқып береді. Өздері серуендеген алма бағына барып анасымен би де билейді, көңілін көтеру үшін барын салады. Осы уақытта оған ауылдағы қарындасы қоңырау шалып, байланыстың нашарлығына байланысты жөнді сөйлесе алмайды. Жолда келе жатып өздерін таныс бір машинаның аңдып келе жатқанын да байқады.

Фильмнің ең әсерлі тұсы ауылына жақындағанда кішігірім жол апатына түсуі еді. Анасы маңдайын соғып, жарақат алады. Дәрігер бала бірден анасын



травматологқа көрсетпек болып ауылдың ауруханасына жеткізеді. Бірақ... Анасын қабылдаған профессор дәлізде күтіп тұрған Жалғасқа көңіл айтады. Түк түсінбей тұрған Жалғас өзінің анасымен емес, жалғыз келгенін мойындамай, шу шығарады. Сөйтіп, машинасына барып анасымен жолда келе жатып түсірген видеосын ашып қараса, қасында шынымен анасы жоқ, тек оған алып берген көйлегі тұр. Мұндай халге түсуіне бала күнгі бір әдеті де себеп болған екен. Әкесі ерте қайтып, қарындасымен үйде қалған бала Жалғас жұмысбасты анасын күтіп, өз-өзімен сөйлесіп өскен. Бірде анасының рөліне кіріп, біресе Жалғас болып ойнаған.

Р.С. Аналар бейнесі кез-келген кинода көрініс табатыны сөзсіз. Біз тек аналар бейнесін басты рөлге шығарған және көптің көңілінен шығып, ықыласына бөленген фильмдердің бір парасын тізіп шықтық. Аналар туралы фильмдер алдағы уақытта да кинопрокаттан төбе көрсете бермек.

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

БАЛАНЫ ЕМІЗУ УАҚЫТЫ ҚАНША?

Баланың дүниеге келуі – әрбір отбасы үшін үлкен қуаныш. Әрбір перзент – Алланың берген ұлы нығметі. Оның құқығын қорғау, денсаулығы мен тәрбиесіне көңіл бөлу – ата-ананың басты міндеті. Соның ішінде сәбидің ең алғашқы ақысы – ана сүтімен қоректенуі.

Жаңа туған нәрестенің тәні мен жанының сау болып жетілуі үшін ана сүтінен артық тағам жоқ екенін бүгінгі медицина да толық дәлелдеп отыр.

Шариғатымызда баланы емізудің толық мерзімі – екі жыл. Бұған Құран Кәрімнің мына аяты дәлел болады: **«Емізуді тәмамдағысы келген кісі үшін; аналар, балаларын толық екі жыл емізеді»**, – дейді. («Бақара» сүресі, 233-аят). Басқа аятта осы мағынаны қуаттап: **«Оны (емшектен) ажырату (мерзімі) – екі жыл ішінде»**, – делінген. («Лұқман» сүресі, 14-аят).

Осы аяттарға сүйене отырып, ислам ғалымдары баланы емізудің толық мерзімі – екі жыл екенін айтқан.

Алайда егер ананың денсаулығы сыр берсе, сүті шықпаса немесе баланың жағдайы басқа тағамға көшуге қолайлы болса, ата-ана өзара келісіп, ақылдаса отырып, баланы екі жылға жетпей омыраудан шығара алады. Бұл жөнінде Құранда: **«Егер ата-ана өзара келісіп, ақылдаса отырып (екі жылға жетпей) сүттен шығарғысы келсе, оларға күнә жоқ»**, – делінген («Бақара» сүресі, 233-аят). Бірақ мұнда негізгі шарт – балаға зиян келмеуі керек.

Фикһ тұрғысынан алғанда, екі жылдық мерзімнің

тағы бір маңызды жағы бар. Ол – сүт ему арқылы болатын туыстық мәселесі. Егер бала екі жасқа толғанға дейін басқа бір әйелді емсе, сүт арқылы туыстық үкімдері жүреді.

Пайғамбармыз (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын): **«Екі жыл болса ғана сүт арқылы туыстық бекітіледі»**, – деген. Бұны Ибн Әбу Шәйба Әлиден, Ибн Масғудтан, Дарақұтни Омардан (олардан Алла разы болсын) жеткізген: **«Кішкентай бала екі жыл емсе ғана сүт арқылы туыстық болады»**, – деген риуаят қуаттайды.

Мұның себебі – нәресте осы уақыт аралығында негізінен сүтпен қоректеніп, дене-бітімі қалыптасып, сүйегі қатайды. Ал екі жастан асқан бала бөгде әйелдің омырауынан қанша сүт емсе де, сүт туыстық үкімі бекімейді. Бұл – төрт мәзһаб ғалымдарының ортақ көзқарасы.

Қорыта айтқанда, Алла Тағала адам баласына ауырлық қаламайды. Егер ананың денсаулығы мен жағдайы мүмкіндік берсе, баланың саулығы үшін ең абзалы – Құранда баяндалғандай, сәбиді толық екі жыл емізу. Ендеше, баланы толық екі жыл емізіп, оның ең алғашқы әрі маңызды ақысынан қақпайық!

ЧАЙЛДФРИГЕ ШАРИҒАТ НЕ ДЕЙДІ?



Чайлдфри (childfree) – ағылшын тілінде «баладан бос» деген мағынаны білдіреді. Яғни медициналық және физиологиялық тұрғыда балалы болуға қабілетті бола тұра, саналы түрде ұрпақ сүюден бас тартуды насихаттайтын заманауи идеология.

Бұл ұстанымды жақтаушылар көбіне бала тәрбиесіне кететін шығындардан қашуды, үлкен жауапкершіліктен қорқуды, жеке еркіндік пен кәсіби дамуды алдыңғы орынға қоятын, сондай-ақ «менің денем – менің құқығым» деген идеологияны негізгі себеп ретінде алға тартады.

Чайлдфри – бүгінгі қоғамда кең тараған өзекті, заманауи мәселелердің бірі. Алайда шариғатымызда мұндай тақырыптарды жаңа құбылыс ретінде емес, фикһта бұрыннан қалыптасқан қағидалар аясында, оның шариғи үкімі мен салдары тұрғысынан қарастырады.

Исламда неке қию – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бекітілген сүннеті. Үйлену тек екі адамның одағы ғана емес, оның негізгі мақсаттарының бірі – адамзат тегінің сақталуы мен ұрпақтың жалғасуы.

Үйлену және ұрпақ сүю – адамның ішкі табиғатына (фитратына) тән құбылыс. Алла Тағала Құранда: **«Адам баласы үшін әйелдерді, балаларды, алтын күмістен жиналған қазыналарды, сәйгүліктерді, малдар және егіндерді құмарта сүю әсем көрсетілген. Бұлар дүние тіршілігінің қызығы»,** – деді. («Әл Имран» сүресі, 14-аят).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сүйкімді әрі көп бала туатын әйелге үйленіңдер. Өйткені Мен сендердің көптіктеріңмен қиямет күні басқа үмбетке мақтанамын»,** – деген. (Әбу Дәуіт, №2050. Нәсәи, №3227).

Исламда бала – ата-ана үшін әрі сынақ, әрі ұлы нығмет. Бұл дүниеде жауапкершілік жүктесе, ақыретте сарқылмас сауапқа себеп болады. Ізгі ұрпақ

тәрбиелеу – адам қайтыс болғаннан кейін де сауабы үзілмейтін амалдардың бірі.

Балалы болу – ерлі-зайыптыларға ортақ құқық. Сондықтан жұбайлардың бірі ұрпақ сүюді қаласа әрі оған ешқандай шариғи немесе медициналық кедергі болмаса, екінші тараптың бұған тыйым салуға хақысы жоқ.

Шариғатымызда балалы болу мәселесінде ерлі-зайыптылардың жағдайына қарай бірнеше үкім бар:

Біріншіден, егер ерлі-зайыптылар бала тәрбиесіне дайындалу, денсаулықты қалпына келтіру сияқты орынды себептермен жүктілікті уақытша кейінге қалдырса, бұл – рұқсат етілген (жаиз) амал. Мұндай жағдайда екі жақтың өзара келісімі болуы және қолданылатын әдіс денсаулыққа зиян келтірмеуі шарт. Алайда ешбір негізсіз, тек жауапкершіліктен қашу мақсатында баланы кейінге шегеру – мәкруһ іс болып саналады.

Екіншіден, ана өміріне нақты қауіп төну сияқты зәрулік жағдайлар болмаса, өз еркімен стерилизация жасату немесе түсік арқылы ұрпақ өрбіту қабілетін біржола жою – харам. Бұл Алла Тағаланың берген нығметіне қарсы шығу әрі жаратылыстың табиғи заңдылығын бұзу болып есептеледі.

Сондай-ақ кедейліктен немесе ризықтың аздығынан қорқып, балалы болудан бас тартуға шариғатта тыйым салынған. Себебі ризық беруші – Алла Тағаланың Өзі.

Қорыта айтқанда, бала – ауыртпалық емес, береке. Бедеулік – кемшілік емес, сынақ. Алла Тағала қалағанына бала береді, қалағанын бедеу етеді. Чайлдфри идеологиясы отбасы институтын әлсіретіп, қоғам мен ұлттың болашағына қауіп төндіреді. Ал ең дұрыс жол – Аллаға тәуекел етіп, ұрпақ тәрбиесін ақыреттік сауапқа бастайтын ұлы аманат әрі мәңгілік инвестиция ретінде қабылдау.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ


IMAN

діни-танымдық журналы
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІГІТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМҰРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСІПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Директор-бас редактор
Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор
Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор
Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftyat.kz
Телефон: +7 (7172) 999866
Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№3176 ж. куәлігі берілген

«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 830

Тапсырыс: №260

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.

МҰСЫЛМАН ҚЫЗДЫҢ ҚОРҒАНЫ

Мұсылман қарындасым! Кейбіреулер саған былай деуі мүмкін: «Қыздың абыройы – оның жүрегінде жасырын тұрған ақиқат. Оны өзінен басқа ешкім білмейді. Абырой – сырттан жабылатын жамылғы емес. Себебі бүркеніп жүріп те, ер адамдармен араласқанда ыятсыз әрі күнәлі істерге баратын қыздар бар. Сол сияқты орамал тақпағанымен, арсыздық атаулы оларға жолай алмайтын, арын сақтаған қыздар да бар».

Иә, бұл сөздің жаны бар. Кейбір қыздар өз күнәларын хиджабпен бүркемелеп алуы да мүмкін. Сондай-ақ хиджаб тақпағандардың бәрі арсыз дей алмаймыз.

Алла Тағала хиджабты әйелдерге ер адамдардың ар-намысын сақтау үшін парыз етті. Өйткені ер адамның көзі әйелге түседі. Ашық-шашық киінген әйелдерге қарау арқылы олар түрлі фитнаға, азғыруға ұрынады.

Сонда ақылды адам: «Егер қыз өзіне

сенімді болса, арын сақтай алса, ер адамдардың алдына әуретін ашып шыға алады», – деп айта ала ма?

Мәселе ер адамдардың әлсіздігінде ғана емес, өз әуретін көрсетіп, ер адамдарды азғыруға себеп болатын жағдайдың барында. Ал шариғат сол мәселені түбегейлі шешті. Яғни, әйелдерге жабық киінуді бұйырды.

Рамазан әл-Бутидің «Аллаға иман келтірген әрбір қызға» кітабынан үзінді